

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№1(134)/2021

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2021

Nur-Sultan, 2021

Нур-Султан, 2021

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Жанат	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф., Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей
Беженару Людмила	ф.ғ.д., проф., Яссы мемлекеттік университеті, Яссы, Румыния
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Гасанов Заур	PhD, Әзірбайжан Ұлттық Ғылым академиясы, Баку, Әзірбайжан
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Жаң Динжин	PhD, проф., Миньцзу университеті, Пекин, Қытай
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ержласун Гүлжанат	PhD, проф., Хаджи Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия
Кеменгер Қайырбек	ф.ғ.к., қауымд. профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Коста Петер	PhD, проф., Потсдам университеті, Потсдам, Германия
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф., Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф., Бонн университеті, Бонн, Германия
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф., Тіл және халықаралық білім бойынша бірлескен ұлттық комитеті, Вашингтон, АҚШ
Сәтенова Серіккүл	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Тұрысбек Рақымжан	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф., Уфа федералды зерттеу орталығы, Уфа, Башқұртстан, РФ
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф., Лингводидактика жоғары мектебі, Санкт-Петербург, Ресей
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Экиджи Метин	PhD, проф., Эгей университеті, Измир, Түркия
Янковски Хенрих	PhD, проф., А. Мицкевич атынд. Польша университеті, Познань, Польша

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ. Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Журнал менеджері: Базылхан Г.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген. 19.02.2021 ж.

№KZ53VPY00032637 қайта есепке қою туралы куәлігі.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 15 дана. Басуға 26.03.2021 ж. қол қойылды.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,

тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief Dikhan Kamzabekuly

Doctor of philology, academician of NAS RK, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief Zharkynbekova Sholpan

Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Editorial board

Aimukhambet Zhanat	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof., RUDN University, Moscow, Russia
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof., University UAIC, Iasi, Romania
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. Higher school of linguodidactics and translation, Saint Petersburg, Russia
Erzhiasun Güljanat	PhD, Prof., Hasi Bayram Veli University, Ankara, Turkey
Gassanov Zaur	PhD, Azerbaijan National Academy of Sciences, Baku, Azerbaijan
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Henryk Jankowski	PhD, Prof., Adam Mickiewicz University, Poznan, Poland
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Kemenger Kaiyrbek	Can. of philology, assoc. professor, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Khislamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof., UFRK RAS, Ufa, Bashkortostan, RF
Metin Ekiji	PhD, Prof., Ege University, Izmir, Turkey
Kosta Peter	PhD, Prof., University of Potsdam, Potsdam, Germany
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof., Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof., University of Bonn, Bonn, Germany
Rivers William Patrick	PhD, Prof., Joint national Committee on languages and international education, Washington, USA
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Turysbek Rakymzhan	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Zhang Dingjing	PhD, Prof., Minzu University of China, Beijing, China

Editorial address: 2, Satpayev Str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Managing Editor: Bazylkhan G.

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N. Gumilyov Eurasian National University»

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan. Rediscount certificate № KZ53VPY00032637 dated 19.02.2021.

Periodicity: 4 times a year Circulation: 15 copies. Signed in print: 26.03.2021

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Жанат	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. Российский университет дружбы народов, Москва, Россия
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. Ясский государственный университет, Яссы, Румыния
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Гасанов Заур	PhD, Национальная академия наук Азербайджана, Баку, Азербайджан
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Жан Динжин	PhD, проф., Китайский университет Миньцзу, Пекин, Китай
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Ержласун Гульжанат	PhD, проф. Университет Хаджи-Байрам Вели, Анкара, Турция
Каскабасов Сеит	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Кеменгер Кайырбек	к.ф.н., ассоц. проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Коста Петер	PhD, проф., Потсдамского университета, Потсдам, Германия
Негимов Серик	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф., Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Райхл Карл	д.ф.н., проф., Боннский университет, Бонн, Германия
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф., Совместный Национальный комитет по языкам и международному образованию, Вашингтон, США
Сатенова Сериккуль	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Турысбек Рахимжан	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф., УФИЦ РАН, Уфа, Башкортостан, РФ
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф., Высшая школа лингводидактики и перевода, Санкт-Петербург, РФ
Шарип Амантай	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Экиджи Метин	PhD, проф., Эгейский университет, Измир, Турция
Янковский Хенрих	PhD, проф., Университет имени Адама Мицкевича в Познани, Познань, Польша

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Менеджер журнала: Базылхан Г.

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева». Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан. Свидетельство о постановке на переучет №KZ53VPY00032637 от 19.02.2021 г. Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 15 экземпляров. Подписано в печать 26.03.2021 г. Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн. 31-413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Абубакирова Г.Н., Кайыбаева А.</i> Мәриям Хакімжанованың поэзиясындағы «әйел» концептісі	8-15
<i>Жиенбаев Е., Хилкеева Д.</i> Түрік қаламгері Мемдух Шевкет Эсендалдың «Чамур Ахметтің мәселесі» атты повесінің поэтикасы	16-22
<i>Журақузиев Н.И.</i> Ежелгі түркі халықтары әдебиеті мен фольклорындағы әлемдік құрылым моделі	23-36
<i>Қурмамбаева К.С.</i> Жанат Әскербекқызы поэзиясының көркемдік ерекшелігі	37-43
<i>Нұрманов Б.Т.</i> Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасын құрылымдық талдау	44-51
<i>Сеитмұрат А., Аймұхамбет Ж.</i> Мәтіндегі ретроспекцияның көріну тәсілдері	52-57

Лингвистика және әдістеме

<i>Жаркынбекова Ш.К., Исина С.Т.</i> Қазақстандағы туристік дискурстың прагмалингвистикалық ерекшеліктері	58-69
<i>Құрманбайұлы Ш., Жұмабаева Ж.</i> Тілдік тұлғаны қалыптастырудағы мәтіннің рөлі	70-75
<i>Нұржанова Ж.Д., Сарсенова Г.Б.</i> Ағылшын тіліндегі бейнероликтер негізінде университеттегі тіл мамандықтарының кіші курстарында есту құзыреттілігін қалыптастыру	76-83

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Abubakirova G.N., Kaiypbayeva A.</i> Concept «Woman» in the poetic works of Mariyam Khakimzhanova	8-15
<i>Zhiyenbayev Y., Khilkeyeva D.</i> Poetics of the story «Çamur Ahmet's problems» by Turkish writer Memduh Şevket Esendal	16-22
<i>Jurakuziyev N.I.</i> Model of the world order in the literature and folklore of the ancient Turkic peoples	23-36
<i>Kurmambayeva K.</i> Artistic features of Zhanat Askerbekkyzy's poetry	37-43
<i>Nurimanov B.T.</i> Structural analysis of the work of Zhusup Balasagun «Kutadgu Bilig»	44-51
<i>Seitmurat A., Aimukhambet Zh.A.</i> Ways of displaying retrospection in the text	52-57

Linguistics and Methodics

<i>Zharkynbekova Sh.K., Issina S.T.</i> Pragmalinguistic features of Kazakh tourism discourse	58-69
<i>Kurmanbayuly Sh., Zhumabayeva Zh.</i> The role of texts in the formation of a linguistic personality	70-75
<i>Nurzhanova Zh.D., Sarsenova G.B.</i> Formation of auditory competence in junior courses of language specialties at a university on the basis of English- language videos	76-83

Содержание

Фольклор и литературоведение

- Абубакирова Г.Н., Кайтбаева А.* Концепт «Женщина» в поэзии Мариям Хакимжановой 8-15
- Жиенбаев Е., Хилкеева Д.* Поэтика повести турецкого писателя Мемдуха Шевкета Эсендала «Проблемы Чамура Ахмета» 16-22
- Журакузиев Н.И.* Модель мироустройства в литературе и фольклоре древних тюркских народов 23-36
- Курмамбаева К.С.* Художественные особенности поэзии Жанат Аскербеккызы 37-43
- Нуриманов Б.Т.* Структурный анализ произведения Жусуп Баласагуна «Кутадгу билик» 44-51
- Сеитмурат А., Аймухамбет Ж.А.* Способы проявления ретроспекции в тексте 52-57

Лингвистика и методика

- Жаркынбекова Ш.К., Исина С.Т.* Прагмалингвистические особенности казахстанского туристического дискурса 58-69
- Курманбаев Ш., Жумабаева Ж.* Роль текстов в формировании языковой личности 70-75
- Нуржанова Ж.Д., Сарсенова Г.Б.* Формирование слуховой компетентности на младших курсах языковых специальностей в университете на основе англоязычных видеороликов 76-83



ХҒТАР 16.21.55

Г.Н. Абубакирова¹, А. Кайпбаева²

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
(E-mail: agn031180@mail.ru¹, a.kaypbai1957@mail.ru²)

Мәриям Хакімжанованың поэзиясындағы «әйел» концептісі

Аңдатпа. Қазақ қоғамында бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербеткен әйел қауымының орны әрқашан ерекше. Өмірде ер адамның ақылшысы, балалардың тәрбиешісі болатын әйелдер қауымының өмірі сан қилы. Әрбір әйел бір үйдің инабатты келіні, аяулы анасы, ардақты апасы, асыл әжесі. Сондықтан әйел тақырыбы – мәңгілік тақырыптардың бірі. Әсіресе, көркем туындыларда сипатталатын әйел бейнесі, тағдыры, мұңы, сезімдері көптеген шығармаға арқау болған. Ақын-жазушыларымыз әйелді мүсіндеп, сипатын бейнелегенде ұлттық әдет-ғұрыптық ерекшеліктермен бірге рухани дүниенің сырларын, ұлттық таным, болмыс, тәлім-тәрбие ерекшеліктерін ұмытқан емес. Зерттеу нысанасына алынып отырған Мәриям Хакімжанова шығармаларында да «әйел» концептісін айшықтайтын тілдік бірліктердің ұлттық дүниетанымға сай берілгені аңғарылады. Сонымен қатар, «Әйел» лексемасы сөз болған жерде, әйел – сұлулық, әйел – сүйікті жар, әйел – ана баламалары қабаттасып, сабақтасып жатуы заңды. Мақалада осы аталған баламаларға М. Хакімжанова шығармалары негізінде тоқталатын боламыз.

Түйін сөздер: поэзия, когнитивтік таным, концепт, концептілік жүйе, концептілік құрылым, ұлттық болмыс.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-134-1-8-15>

Түсті: 06.11.20 / Қайта түзетілді: 26.11.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 04.12.20

Кіріспе. Түрлі қақтығыстарға толы ХХ ғасырда өмір сүрген Мәриям Хакімжанова – Қостанай өңірінің тумасы, кеңес үкіметі тұсында өмір сүріп, өлеңдерінде коммунистік партияны, октябрьді, социалистік идеяны жырласа да, өзінің қазақи тұлғасын жоғалтпаған, қазақтың қайсар қыздарының бірі. «Жас өмірім бақытсыздықпен өтті. 21 жасымда өлідей жесір қалдым. 31 жасымда (1937) тірідей жесір қалдым. Жолдасымның екі баласын, 11 жасар інісін, агамның бұрынғы әйелінен қалған екі баласын, майданнан жараланып келіп, қолымда қайтқан қайынімімнің екі баласын (ұзын саны 7 баланы)

бағып-қағып өсірдім. 5-не жоғары білім бердім, 2-не орта білім бердім. Қазірде бәрі ақар-шақар семья құрып, қол қанатым болып отыр» - деп [1, 8 б.] жазған Мәриям Хакімжанова. Сондықтан болар ақын ананың қолтаңбасы ана, бала тақырыптарына ойысқанда, өзгеше өрілген.

Ақынның поэтикалық тілінде «әйел» концептісінің мәнін ашатын мынадай ұғымдарды кездестіруге болады: *Оттың басы, Еңбекші әйел, Қарт ана, бұлбұлым, көкжал қыз, батагөй, т.с.с.* «Әйел» лексемасы, біріншіден, адам баласының ұрғашы жыныстылары, екіншіден, жұ-

бай, зайып [1, 592 б.] деген ұғымдарды береді. Тілімізде «әйел» сөзінің сөздікте көрсетілген екінші мағынасына сәйкес жар, серігі, нақсүйері, сүйіктісі, алғаны, қосағы деген сөздер де қолданыста. Ендігі кезекте «ана» деген үшінші мағынаны қосар едік.

Қоғамда отбасының ұйытқысы – әйел. Әйелді биязы мінезі, балаға деген қамқорлығы, жолдасына деген сыйластығы, үлкенге деген әдеп пен ізеттілігі – аяулы жар, таңдаулы нақсүйер, айнымас сүйікті, таңдап алғаны, тағдырлас қосағы етеді. Сондықтан ислам дінінің хадистік қағидаларында: *Алдымен, анаңды, анаңды, тағы да анаңды, одан соң әкеңді сыйла*», «*Жұмақ кілті ананың қадамының астында*», т.б. деп әйелге ерекше орын бергені байқалады.

Ұлттық дүниетаным мен ана тіліміздің сөз күдіретінен нәр алып, ұлттық қасиеттерді бойына сақтап, сіңірген халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қорытылып қалыптасқан асыл қазына – көркем сөз үлгілері заман озған сайын құлпырып, өңделіп отырады. Ал оларды жаңа қырынан зерттеп-зерделеу – заман талабы. Сондықтан М. Хакімжановадай ақын шығармаларындағы лингво-мәдени бірліктердің лингво-поэтикалық, құрылымдық, танымдық тұрғыдан талдануы тақырыптың өзекті мәселелерінің бірі.

Зерттеу әдістері. Сипаттама, семасиологиялық, этнолингвистикалық, концептілік талдау әдістері пайдаланылды.

Талқылау. Көркем шығармалардағы әйел бейнесіне қатысты зерттеулер көптеп кездеседі. Мысалы, қоғам өміріндегі қазақ әйелінің рөлі мен орнын сипаттайтын тілдік деректерді лингвомәдени бағытта айқындап, әйел концептісінің лексика-семантикалық, концептуалдық мазмұнын зерттеген А. Байғұтованың кандидаттық диссертациясын [3], гендерлік тұрақты тіркестердігі әйел лексемасын қарастырған А. Смайловтың [4], әйел қолөнеріне байланысты атаулардың этнолингвистикалық табиғатын, олардың тілдік жүйедегі орнын қарастырған А. Әлімжанованың [5] еңбектерін атауға болады.

Ғалымдар «Әйел» концептісін зерттеу кезінде қазіргі тіл біліміндегі когнитивтік

лингвистиканың негізгі элементтерінің бірі – *концептіге* аса назар аударып келеді. Концепт – адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі. Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде оған келесіндей анықтама берілген: «жадының, ментальды қордың, тұжырымдау жүйесінің, әрі адам санасында көрініс табатын бүкіл әлемнің мазмұнды да белсенді бірлігі» [6, 266 б.].

Зерттеуші А.Б. Әмірбекова поэтикалық мәтіндегі дүниенің тілдік бейнеленуін талдай отырып, концептінің белгілі бір құрылымдардан тұратынын нақтылап көрсетеді: «*Концепт* құрылымдары өз бейнелілігімен, бағалауыш, экспрессивті, коннотаттық мәнімен құнды. *Концепт* санада белгілі бір концептілік жүйе арқылы қалыптасады. *Концептілік жүйе* иерархиялы (сатылы) құрылымнан тұрады: 1) дүниенің қасиеті, белгілері (сенсорлы перцептивті қабылдау); 2) когнитивтік модель (ассоциация, бейне, символ, этикет, эталон, стереотип формаға ие болуы); 3) концепт типтері (фрейм, сценарий, скрипт, схема, ойсурет формасына салынуы); 4) дүниенің тілдік бейнесі (метафора, фразеологизм, сөз, сөйлем, поэтикалық мәтін)» [7, 10 б.].

Концептілік құрылымдардың санада бейнеленуі әртүрлі формада көрініс табады. Олар: 1. Қарапайым форма (фрейм); 2. Күрделі форма (скрипт); 3. Оқиғалы форма (сценарий); 4. Сызбалы форма (схема); 5. Бейнелі форма (ойсурет).

Нәтижелер. *Қарапайым форма (фрейм).* Лингвистикада фрейм ұғымының негізін қалаған ғалым – Ч. Филлмор. Ол өзінің ойын екі мәселе сабақтастығы негізінде тұжырымдап көрсетті: сөз мағынасы жіктеуге келетін бөлшектер жиынтығы түрінде ғана емес, сөйлеуші мен тыңдаушыға әсер ететін таныс деректерден жинақталған тұжырымды құрылым не пайыммен тоқталған тәжірибе үлгісі ретінде қарастырылуы керек; фреймдер белгілі бір сценарий үлгісі бойынша, соның балама-

сы ретінде дүниеге келетін лингвистикалық нұсқалар жиынтығы болуы қажет [6, 271 б.].

М. Хакімжанова шығармаларында кездесетін «әйел» концептісінің фреймдік құрылымы:

1-фрейм: *Әйел – сұлулық, әдемілік*. Ақын барлық әдемілікті әйелден іздейді. Әйел болмысы, оның еркектен ерекшелігі, ең алдымен, әйелдің сұлулығынан көрінеді. Сұлулық – тек әйел затының өлшемі. Сондықтан әрбір әйелдің сұлулыққа ұмтылуы, ал ақындардың бүкіл адамзат баласы секілді сұлулыққа құмарлығы, ынтықтығы – заңдылық. Оны мынадай фреймдер арқылы бейнелеген: «*жас бұлбұл*», «*айдынның аққуындай*», «*бота көз*», «*ерке қыз*», «*жүрген жерің тасып жатқан дария*», «*аяулым*», «*қарақат көз*», «*түсі жүзім*», «*оймақ ауыз*», «*қызыл жүзі*», «*қызыл гүл*», т.б.

2-фрейм: *Әйел – махаббат, сүйікті жар*. Ел арасында «*Ер жігіттің аты жақсы болса – бір бақыт, алған жары жақсы болса – мың бақыт*» деген мақалдың айтылуы еркектің бақытты болуы сүйікті жарына байланысты екенін байқатады. Ақын шығармаларында сүйікті жарға қатысты мынадай сөздер мен сөз тіркестерін кездестіруге болады: «*жарым*», «*жаны жарқын*», «*сүйген жарым*», «*ердің жары*», «*сәулелем*», «*азбай күткен жар - алтын*», «*сүйгенім*», «*жарын күткен жас ару*», «*өмірдің қызыл гүлі*», т.б.

Махаббаттың періштесі ем таранған,
Сүйген жанның жүрегінен жаралған.

Аяулы жан, ақиығым мөрт болды,
Қуанышым, көз нұрына баланған [1, 30 б.].

3-фрейм: *Әйел – анаң, әйел – балаң*. М. Хакімжанованың аяулы жар, жанашыр ана, сүйікті келіншек, еңбекқор жеңеше тақырыптарына арналған жүрекжарды жырлары көп. Әсіресе, ақынның ана болған шағынан бастап бұл төңіректе қаламы мұқалмаған. Олар төмендегі фреймдер арқылы көрініс тапқан: «*бөбегім*», «*құлыным*», «*ақ тілеулі ана*», «*апатайым*», «*ардақты ана*», «*алтын ана*», «*ана жүрек*», «*үмітім*», «*қызығым*», «*немерем*», «*жас ботам*», т.б. Ақын құрған бұл фреймдердің көпшілігі халықтық қолданыста да, поэтикалық тілде де молынан кездеседі.

«*Әйел*» фреймдері ақындар тілі арқылы адам санасында белгілі бір суретке еніп, по-

этикалық сипат алады. «*Әйел*» - тірліктің мазмұнын толықтырушы, табиғатын түзуші ретінде адам санасында бейнеленіп, тілде көрініс табады.

Ана өмірі мейірбанды,

Ана өсірді барлық жанды.

Ана – қомқор бөбегіне,

Ана сүтін ақтау заңды [1, 97 б.].

«*Әйел*» концептісінің схемалық құрылымы.

А.Б. Әмірбекова: «Схема – когнитивтік санада сыртқы сигналдар мен ішкі сезімдер көмегі арқылы жинақталған ақпараттарды бір құрылымда таныту тәсілі» [7, 47 б.], - деп көрсетеді. В.А. Маслова: «Егер сөздіктегі анықтамалар шеңбер, сызық, шекара шарттарымен түсіндірілсе, концептінің бұл анықталу типі схема болып саналады» [8], - дейді. Яғни, фразеологизмдердің мағыналық құрылымын схема деп тануға болады. «*Әйел*» концептісінің лингвистикалық сипаты этностың өзіне тән ерекшелігін танытатын мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестерде жиі кездеседі. Сонымен қатар, әйел болмысының табиғатын көрсететін танымдық ерекшеліктердің ұқсастығын, ақындар поэзиясымен өзара сабақтастықта қарау арқылы «*әйел*» концептісінің табиғи бітіміне қатысты ақпараттармен танысуға болады. М. Хакімжанова шығармасындағы «*әйел*» микроконцептісі – ғаламның тілдік бейнесін жасауға қатысатын лингвокогнитивтік категориялардың бірі. «*Әйел*» концептісінің болмысы М. Хакімжанова шығармаларындағы схемада әртүрлі аспектіде көрінеді:

Бәрі де ұшты қанаттанып ұямнан,

Кейде аңсаймын, күлкілерін қиялман.

Немерем мен шөберелер келгенде,

Қуаныштан кең дүниеге сия алмай [1, 16 б.].

Ұлды ұяға, қызды қияға қондырып,

Енді отырмын көш көлігін доғарып.

Отырмын ақырын ой қазынасын ақтарып,

Қалған-құтқан бар ма екен деп сақталып [1, 253 б.].

ҰЯДАН ҰШЫРУ – баланы өсіріп, тәрбиелеп, үлкен өмірге жіберу немесе қызды ұзату. Құрылымына тоқталсақ, бәрі де ұшты қанаттанып ұямнан деп, араларына сөз қосылып тұрса да, «*ұядан ұшыру*» - тіркесінің лексика-семантикалық шеңберінің аясында қара-

стырылады. Өсіп келе жатқан ұл мен қызға өз табиғатына тән тәлім-тәрбие беру олардың болашағы үшін өте маңызды. Алған тәрбиесі жас отбасылардың жарастығы және қоғам үшін де пайдалы. Ұл да, қыз да отбасында атқаратын міндеттерін алдын ала білуі қажет. Өсіп келе жатқан ұл келешекте әке болатынын, жанұяның басы болатынын, ал бойжетіп келе жатқан қыз ана болатынан ескеруі керек. Сөйтіп, әбден қанаттары қатайғанда ғана ұядан ұшыру кезегі келеді.

БАҒЫҢА ЖАЗЫЛҒАН – тағдырың осылай болды, бақ-талайына осылай жазылды, тағдырдың дегені деген мағынаны береді. Бұл тіркес қыз баласының қиын өміріне қатысты айтылады.

Қабынба жүрек, қабынба,

Жазылған осы бағың да!..

Ажалдан бұрын өлмек жоқ,

Көрерсің әлі тағы да!.. [1, 33 б.].

Синонимдері: маңдайға (маңдайыңа) жазды, тағдырдың жазғаны (салғаны), пешенеден көру, бұйырған нәсіпті көру, т.б. Антонимдері: пешенесіне жазбаған, еншісіне бұйырмаған, т.б.

Құтты орнына қонады деп үміттеніп отырған қыздардың бақытсыздыққа ұшырайтын кезі тағы бар.

Үндістанның күндікте жүр қыздары,

Қыз жүрегі қайғыменен сыздады.

Бостандыққа қолы жетпей зарланып,

Талай ару *талақ құзда* мұздады [1, 112 б.].

ТАЛАҚ АЙТУ – діни некеден айырудың ең көп тараған түрі. Егер ері ешқандай себебін түсіндірмей-ақ ажырасудың айрықша түрін (талақ) айтса, зайыбы барлық некелік міндеттен босатылады. Талақ сөзінің халықтық қолданыстағы негізгі мағынасы осы болса, ақын «*талақ құзда*» *окказионал* тіркесін құрып, жыр жолдарына экспрессивтілік мән үстеген.

ҚЫРЫҚ ЖЕТІ – қазақтың ежелгі әдетінде қыз туғанда «қырық жеті», ұл туғанда «ат ұстар» деп сүйінші сұрайтыны немесе «қалың малға қырық жетіні матап берді», - дейтіндері бар.

Теңейтін мал басына қыздың құнын,

Қыз туса «қырық жеті» дейтін бұрын.

Қыз бала жат-жұрттықтың адамы деп,

Көретін ата-анасы артық ұлын [1, 210 б.].

Бұл сөз өткен ғасырларда жиі айтылып, өмірде жиі жасалатын, қалыптасқан ғұрып болатын. Әрине, қырық жеті дегені сонша мал екені әркімге белгілі. Ал ол неге 48 немесе 50 емес? Қазақ неге 47-ге тоқтаған? Демек, бұл жәй ғана 47 емес, өзіндік мән-мағынасы, сыры бар қырық жеті болғаны. Бұған түсінік берген жөн.

Біріншіден, қазақ 40 пен 7 сандарын ежелден қасиеті, киесі бар деп санаған. Мысалы: қырықтың бірі – Қыдыр, қызға қырық үйден тыйым, қырық күн шілде, жеті қазына, жетіскеннің жеті әлпі, жігітке жеті өнер де аз, жеті қат жер, жеті ата, жеті жұрт, т.б. Олай болса, халық өзінің құдалық салтында қалың-мал санын қырық пен жетіні қосып ырымдап, осы санға тоқтаған.

Екінші анықтаманы халық тұрмысы мен этнографиялық ерекшеліктерін жетік білген академик-жазушы Сәбит Мұқанов былайша түсіндірген (түсіндірме шығарма кейіпкерінің атынан беріледі):

– Әкемнің айтуынша, оның мәні былай көрінеді: бұзаулы сиыр ма, құлынды бие ме, боталы түйе ме, ең алдымен, балалайтын жеті мал беретін көрінеді. Бұлардың қатарына қой мен ешкі кірмейді. Мысалы, жеті бие береді дейік. Оның сыртында жеті құлын, жеті тай, жеті құнан, жеті дөнен болуы керек. Сонда бұл отыз бес бас болды ғой.

– Балалайтын малдың ішіндегі төлін де есептейді, оның атын бүкпе дейді екен. Соны қосқанда – жетеу. Сонда қырық екі болды ма?

– Бұған қосылатын малдар: құда болуға уәделескенде күйеудің әкесі қыздың әкесіне: «Уәдеміз шегедей мықты болсын», - деп, «шеге ат мінгізеді», бұл – бір; екінші, құда түсуге келгенде қыздың әкесіне «мініс ат» береді; үшінші, «жеке ту бие» деген болады, онысы, қыздың әкесі үйіне ұзату той жасағанда сойыстыққа алатыны болуы керек; төртінші, «түс ат» дегені болады, онысы күйеу қайын атасының үйіне алғаш барып түскенде беретін айыбы болуы керек; бесінші, «өлігі» дейтіні болатын көрінеді. Мұнысы – қыздың үйіне күйеу жағы әкелетін ең алғашқы дәстүрлі кәде, құдайы мал. Қыздың үйі бұл қойды сойып, туған-туыстарын, ауылдастарын шақырып

бір жапырақ етіне шейін, бір қасық сорпасына шейін таратып береді. Терісін де біреуге береді. Бұл малды тірі күнінде де сойылғанда да ұзатылатын қызға көрсетпейді. Қызға еті түгілі, сорпасынан да татырмайды. Мал сойылып, еті мен сорпасын жұрт ішіп-жеп тарағанша қызды оңаша бір үйге отырғызып қояды.

– Сонымен, манағы балалы малдың саны қырық екі, мына соңғы әртүрлі ырымның малы бес, барлығы қырық жеті... Қазақтың: «Қырық жетіні қырқа матап бердім», – дейтіні осыдан екен ғой [9, 337 б.]. Осы айтылған халық тілінде қолданыста бар түсініктер де, қыз жолына қатысты кәделі ырымдар да этнос дәстүріне тән шоғырланған ұғымдар.

Сабыр түбі – сары алтын,

Алтын азбас, ар азбас,

Азбай күткен жар – алтын,

Ондай жарды кім жазбас [10, 94 б.].

АЗБАЙ КҮТКЕН ЖАР АЛТЫН – «Алтын тозбайды, адал жар азбайды» - деген мақалға мәндес келіп, жарды алтынға балап, метафоралық түйіндеме жасаған.

М. Хакімжанова жыр жолдарындағы «ұядан ұшыру», «талақ айту», «қырық жеті», «азбай күткен жар алтын» тіркестері «әйел» концептісінің құрамдас компоненттері болуымен қатар, балама ретінде жұмсалып, әйел өмірінің, тіршілік етуінің логикалық модельдері негізінде ұсынылған.

«Әйел» концептісі бір орнында тұрмайтын, жылдар өткен сайын жетіле түсетін, әулетінде дәрежесі өсіп, мазмұны күрделене беретін әйел өмірін құраушы бірліктер екені белгілі.

«Әйел» концептісін құрайтын ойсурет қолданысы. Ойсурет санада бейне, символ метафора, аллегория көмегімен танылады. Ойсурет суреткердің қиялдау, суреттеу, ұқсату шеберлігінен туындайды [7, 49 б.]. Концепт қалыптастыру жолының ең күрделі формасы. «Әйел» - ақын шығармаларында майданда жүрген жарды күтіп, оған демеуші, қуат беруші, сәулесі.

- Сағынарысың,

сарғаярсың,

Бірақ,

сәулем, күт мені.

Ұмытпассың,

ойға аларсың

Болса есінде ел кегі [10, 92 б.].

Сағынған жарын сарғайып,

Есіне сонда бір алсын.

Отырса сәулем мұңайып,

Сергіп бойы, қуансын [10, 93 б.].

Берілген өлең жолдарында сүйген жарын жылу берер, демеу болар жарық сәулеге алмастыру арқылы концептуалды метафора жасалған. Бұл мысал әйел концептісінің мазмұнын толықтырып, ойсуретін айрықшалай түседі.

Ақын әйел затының арлылығын, махаббатқа адалдығын кестелі орамал символы арқылы береді.

Кестелен тіктім орамал,

Атын жазып жарымның.

Жүрегім соған оралар,

Айғағы болып арымның.

Егер алса сүйгенім,

Сүртер көздің жанарын.

Басар жүрек күйгенін

Естісе елдің хабарын [10, 104 б.].

Ақын кестелі орамал – махаббаттың символы арқылы сүйген жанның үмітіне талшық, дәтіне дәрмен беріп, сезіміне бұлдыр қылмай, сенім ұялатар, халқының, елінің хабарын да естен шығармайтын азаматтығын қоса сөз етеді.

«Әйел» концептісінің мәнін ашатын скрипт қолданысы. Скрипт – концептілік құрылымның бір түрі. Скриптті қалыптастыратын басты элемент – фрейм. Скрипттің санадағы көрінісі – сценарий құрылымның кеңейтілген формасы. Скрипт көзбен көрген, нақты тәжірибеден өткен оқиғалар арқылы, балалық шақтан келе жатқан стереотиптік ақпараттары арқылы жинақталған ақпараттардан құралады [7, 19 б.]. Яғни, санадағы дайын сценарийлер мен фреймдерді топтастырып ұғыну. Скрипттің күрделілігі шындықтың шынайылығын тануда өзге бір іс-әрекеттерді көз алдынан өткізіп, одан концептінің бір қырын көрсететін детальдерін шапшаң түрде салыстырып, не қиялмен ұқсатып, сол дүниенің бүтін бейнесін жасауда байқалады.

Өміріңнің қызыл гүлін
Жырыма орап, қоям сақтап.
Гүл қасиетін сен де ұғын,
Босқа жүрмей қылжақтап.
Жақсы қызды сүйе білсең,
Күте де біл, сыйлай біл,
Өз жарыңды сыйлап жүрсең, -
Үй ішің де, сыйлайды ел [6, 104 б.].

Хатты оқып, қақты кірпік жас ару,
Түсті үзіліп, жалғыз тамшы тым ауыр.
Ару жасын қағып алып жел жетті,
Самалымен Самарқандты тербетті.
Самарқандта ойнап жатқан солдаттар
Аспандағы ақша бұлтқа көзің сал.
Жаңбыр болып жауып өткен жаңағы,
Жас арудың сағынышын қабыл ал! [10, 103 б.].

М. Хакімжанованың поэтикалық тілінде бұл шумақтар «әйел» концептісінің мәнін ашатын скрипт құрайды. Құрылымы жағынан өлең тармақтарындағы *өмірдің қызыл гүлі, жас ару, жас арудың сағынышы* сынды синтаксистік тіркестер жекелей қолданыста фрейм болса, өлең тармақтарымен бірлесіп келіп «әйел» концептісінің мәнін ашатын скриптке айналады, сонымен қатар, бірінің мазмұнын бірі толықтырып тұрады.

Когнитивтік құрылымындағы «әйел» концептісінің сценарийі. Тірек сөздермен мәтін идеясы тақырыптық құрылым түзеді. Осыған сәйкес ойлау құрылымының әртүрлілігін көрсететін сценарий мәтінді интерпретациялау барысында жасалады [11, 108 б.].

Қамқорым, қара орманым, қайран анам,
Қарашы, көзіңді ашып, бір рет маған.
Шынымен тоқтады ма ана жүрек.
Шынымен суыды ма екі мамаң [1, 51 б.].
Ақ самауыр үкі тағып жалыннан,
Көк желегін желпи тастап жамылған.
Жанында отыр жабырқаңқы жас ару,
Сүйген жарын алыстағы сағынған [10, 102 б.].
Берілген өлең жолдары әйел концептісінің сценарийін құрайды. Яғни, өлең шумақта-рында белгілі бір оқиға суреттеліп тұр.

Көркем шығармаларда кеңінен қолданылатын тәсіл – *символ*. «Символ концепт ұғымы ретінде де қабылданады, өйткені ол бір ойдың

ғана емес, біртұтас концепцияның, дүниетанымның көрсеткіші болуға мүмкіндігі бар» [12, 67 б.]. Символ – образдың тура мағынасында емес, бейнелеу мағынасында айтылуы. Белгілі бір ұғымды, идеяны заттық образбен білдіру. «Символ – аса дәріптеу, құрметтеу, бас ию, қадірі білінген, санада ерекше қасиетімен танылған объектілерден туындайды» [7, 34 б.].

Жанды тілек, жанды еңбек көріңдер,
«Ақ шағалам» қонды келіп ұяға.
Жан қанатын, ту қанатын көріңдер,
Жетсін даусым қиыр менен қияға [1, 208 б.]. Автор «Ақ шағалам» тіркесін махаббаттың символы ретінде беріп тұр.

Ақын шығармаларынан әйел адамдарға қатысты еркелету, жақсы көру мәнді сөздер де жиі кездеседі. Мұның мәні түсіндірмелі сөздікте: еркелету - *бұла етіп өсіру, ерке қылу, жақсы көру - ұнату, жарату* деп беріледі. Еркелететін, жақсы көретін объектіге тыңдаушының назарын аудартатын өлең ұйқастарына зер салайық:

Әке шығып, даладан буған затты
Алып келді анаға Махаббатты:
- Міне менің сыйлығым, *сүйген жарым*,
Аз да болса көптей көр, қабыл алғын! [1, 49 б.].

Бибігүлім – *жан шуағым*,
Ұзақ болсын өмір жасың.
Махаббаттың құдыреті,
Алдыңнан сені жарылқасын! [1, 29 б.].
Қадырлым, қанатым сен, қамқорым сен,
Сен түгіл қымбат маған әр көлеңкең.
Серігім, сенерім сен саспайтұғын,
Аяулым, әдепті жолдан аспайтұған [1, 126 б.].

М. Хакімжанова шығармаларындағы «әйел» концептісінің сценарийі бойынша әйел өмірінің сан қыры қарастырылды. Ақын шығармаларындағы әйелге қатысты еркелету-лердің жақынына айтылғандығы анықталды. Мысалы: *ақ шағалам, сүйген жарым, жан шуағым, шырағым, қадірлім, серігім, аяулым* деген халықтық қолданыстағы есім сөздерді жыр жолдарында қиюластыра қолдану бар.

Әрбір әйелдің қоғамдық ортада өмір сүруі, дамуы барысында кез келген қоғамдық өзгерістерді тез игере отырып, басынан өткерген

оқиғалар арқылы танымдық ақпараттар қалыптастыратыны белгілі. Біз М. Хакімжанова шығармаларындағы «әйел» концептісінің мағыналық мазмұнын тану арқылы әйелге ұлттық-мәдени-танымдық, этикалық тұрғыда баға беріп, лингвистикалық тұрғыда ерекше сипаттауға мүмкіндік алдық. «Әйел» концептісіне тән лексикалық бірліктер осы концептінің когнитивтік белгілерінің жүйесін құрды.

М. Хакімжанова шығармаларының тілдегі «әйел» концептісінің мәнін ашатын фреймдік құрылымдардың көпшілігі халықтық қолданыста да, поэтикалық тілде де молынан кездеседі. Жыр жолдарындағы «ұядан ұшыру», «талақ айту», «қырық жеті», «азбай күткен

жар алтын» тіркестері «әйел» концептісінің құрамдас компоненттері болуымен қатар, балама ретінде жұмсалып, әйел өмірінің, тіршілік етуінің логикалық модельдері негінде ұсынылған. Ақынның поэтикалық тілінде кездесетін *өмірдің қызыл гүлі, жас ару, жас арудың сағынышы* сынды синтаксистік тіркестер жекелей қолданыста фрейм болса, өлең тармақтарында «әйел» концептісінің мәнін ашатын скриптке айналады, сонымен қатар, бірінің мазмұнын бірі толықтырып тұрады. М. Хакімжанова шығармаларындағы фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, сөздердің лексика-семантикалық топтары және көріктеу құралдарының болуы танымдық көріністі ашуға белсенді қызмет атқарады.

Әдебиеттер

1. Хакімжанова М. Шығармалары. Т. 1. – Алматы: Ана тілі, 2006. – 328 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі // Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.
3. Байғұтов А. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. Филол.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2008. -143 б.
4. Әлімжанов А. Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты. Филол.ғыл.канд.дисс.автореф. – Алматы, 2008. -24 б.
5. Смайлов А. «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тірестердің лингвомәдени сипаты. Филол.ғыл.канд.дисс.автореф. – Алматы, 2008. -25 б.
6. Оразалиева Ә. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Ан Арыс, 2006. -312 б.
7. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері. Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2006. – 125 б.
8. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – Минск; ТетраСистемс, 2004. - 255 с.
9. Мұқанов С. Өмір мектебі. – Алматы, 1955. – 337 б.
10. Хакімжанова М. Өткелдер. – Алматы: Жазушы, 1976. – 264 б.
11. Жиренов С.А. Когнитивтік лингвистика. – Алматы: Ана тілі, 2010. -108 б.
12. Оспанова Б. Лингвомәдениеттану. – Астана: Фолиант, 2018. -152 б.

G.N. Abubakirova, A. Kaiypbayeva

Baitursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan

Concept «Woman» in the poetic works of Mariyam Khakimzhanova

Abstract. A woman, rocking the world with one hand and the cradle with another hand, has always held a special place in Kazakh society. The fate of women as counsellors to husbands, mentors to children is sometimes complicated and variable. Every woman is a well-bred daughter-in-law, beloved mother, respected sister, dear grandmother. Therefore, the theme of a woman is one of the eternal themes. Especially women's fate, sadness, feelings became the basis for many works. Poets and writers, portraying a woman, along with the peculiarities of national customs, did not forget about the secrets of the spiritual world, the peculiarities of national knowledge and education. And in the works of Mariyam Khakimzhanova, who became the object of our research, it can be noted that the linguistic units that define the concept of "woman" are given in accordance with the national worldview. In the article, the lexeme «woman» is considered on the basis of different poems.

Keywords: poetry, cognitive cognition, concept, conceptual system, conceptual structure, national being.

Г.Н. Абубакирова, А. Кайпаева

*Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова,
Костанай, Казахстан*

Концепт «Женщина» в поэзии Мариям Хакимжановой

Аннотация. В казахском обществе женщина, качающая одной рукой мир, а другой – колыбель, всегда занимала особое место. Непроста и разнообразна судьба женщин, являющихся советниками мужей, наставниками детей. Каждая женщина – благовоспитанная сноха, любимая мама, уважаемая сестра, дорогая бабушка. Поэтому тема женщины – одна из вечных тем. Судьба, печаль, чувства женщины стали основой для многих произведений. Поэты и писатели, изображая женщину, и наряду с этим особенностями национальных обычаев, не забывали о тайнах духовного мира, особенностях национального познания, бытия, воспитания. Можно заметить, что и в произведениях М. Хакимжановой, ставших объектом нашего исследования, языковые единицы, определяющие концепт «женщина», даны в соответствии с национальным мировоззрением. В данной статье лексема «женщина» рассматривается на основе ее произведений.

Ключевые слова: поэзия, когнитивное познание, концепт, концептуальная система, концептуальное строение, национальное бытие.

References

1. Hakimjanova M. Shyrgarmalary [Works] Vol.1. (Ana tili, Almaty, 2006, 328 p.). [in Kazakh]
2. Kazak tilinin tusindirime sozdigi (Jalpy redaksiyasyn baskargan – T. Januzakov) [Explanatory Dictionary of the Kazakh language] (The general editor was headed by T. Zhanuzakov) (Daik-pres, Almaty, 2008, 968 p.). [in Kazakh]
3. Baigutov A. «Kazak Aiel» konseptinin etnomadeni sipaty [Cultural character of the concept of «Kazakh Woman»] Filol.gyl.kand.diss. [dis. ... candidate of philological sciences] (Almaty, 2008, 143 p.). [in Kazakh]
4. Alimjanov A. Kazak tilindegi Aiel kolonerine bailanysty halyktyk leksikanyn etnolingvistikalık sipaty [Ethno linguistic nature of folk lexicology related to women's crafts in the Kazakh language] Filol.gyl.kand.diss. avtoref. [diss. of the Candidate of Philology]. Almaty, 2008. P. 24 p. [in Kazakh]
5. Smailov A. «Aiel» konseptisin kalıptastyratyn turakty tirkesterdin lingvomadeni sipaty [The linguistic and cultural nature of the stable pillars that form the concept of «woman»]. Filol.gyl.kand.diss.avtoref [diss. of the Candidate of Philology]. Almaty, 2008. P. 25 p. [in Kazakh]
6. Orazalieva E. Kognitivtik lingvisika: kalıptasuy men damuy [Cognitive linguistics: formation and development] (An Arys, Almaty, 2006, 312 p.). [in Kazakh]
7. Amirbekova A.B. Konseptilik kurylymdardyn poetikalık matindegi verbaldanu erekshelikteri [Features of verbalization of conceptual structures in a poetic text]. Filol. gyl. kand. dis. [diss. of the Candidate of Philology]. Almaty, 2006. P. 125. [in Kazakh]
8. Maslova B.A. Kognitivnaya lingvisika [Cognitive linguistics] (TetraSistema, Minsk, 2004, 255 p.). [in Russian]
9. Mukanov S. Omir mektebi [School of life] (Almaty, 1955, 337 p.). [in Kazakh]
10. Hakimjanova M. Otkelder [Crossings] (Jazushy, Almaty, 1976, 264 p.). [in Kazakh]
11. Jirenov S.A. Kognitivtik lingvisika [Cognitive linguistics]. (Ana tili, Almaty, 2010, 108 p.). [in Kazakh]
12. Ospanova B. Ligvomadeniettanu [Linguocultural Studies] (Foliant, Astana, 2018, 152 p.). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Абубакирова Гулайм – негізгі автор, «Филология» мамандығының 3 курс докторанты, А. Байтурсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан.

Кайпаева Айжамал – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, А. Байтурсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан.

Abubakirova Gulaim – The main author, The 3rd year doctoral student of the specialty «Philology», A. Baitursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan.

Кайпаева Айжамал – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, A. Baitursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan.

Е. Жиенбаев, Д. Хилкеева
 Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
 Түркістан, Қазақстан
 (E-mail: yerlan.zhiyenbayev@ayu.edu.kz¹, dilnozahilkeeva@gmail.com²)

Түрік қаламгері Мемдух Шевкет Эсендалдың «Чамур Ахметтің мәселесі» атты повесінің поэтикасы

Аңдатпа. XX ғасыр басындағы түрік әдебиетінің көрнекті өкілі Мемдух Шевкет Эсендалдың прозалық шығармалары реалистік көзқараспен жазылған. Оның «Чамур Ахметтің мәселесі» (*Çamur Ahmet'in cıkışları*) атты повесінде XX ғасыр басындағы Түркиядағы қарапайым адамдардың өмірі, кезеңнің идеологиясы сөз етілген. Жазушының бұл шығармасын талдау барысында мәтінді проблемалық талдау әдісі қолданылды. Осы тұрғыда түрік елінде кеңінен қолданылып жүрген профессор Шериф Акташтың мәтінталдау әдісі басшылыққа алынып, кейіпкер, кеңістік және уақыт ұғымдары сараланды. Зерттеу нәтижесінде мәтін құрылымы, жазушының көзқарасы айқындалды. Мәтіннің тілдік ерекшелігі мен жазылу стилі айшықталды.

Түйін сөздер: түрік әдебиетінде реализм, түрік қоғамы, мәтін талдау, реалистік көзқарас, мәтін құрылымы, салыстырмалы зерттеу.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-134-1-16-22>

Түсті: 05.01.21 / Қайта түзетілді: 12.02.21 / Жарияланымға рұқсат етілді: 18.03.21

Кіріспе. Мемдух Шевкет Эсендал (1883-1952) – XX ғасыр түрік әдебиетінің көрнекті тұлғаларының бірі. Жарты ғасырға жуық шығармашылық өмірі барысында 335-ке жуық әңгіме мен 3 роман жазып, түрік әдебиетіндегі жаңа бір стильдің негізін қалаған. Көптеген жазушылар әңгіме жазуды романға көшудің бір сатысы деп білсе, Мемдух Шевкет Эсендалхикая жанрын қоғамдағы оқиғалардың бір үзіндісі деп сипаттаған [1, 22 б.]. Эсендалдың көркем шығармаларында Чехов стиліндегідей оқиғалардың сипатына көбірек көңіл бөлінгенін байқауға болады. Оның шығарманың сюжеттік, композициялық құрылымы, жанрлық сипаты қазақ әдебиетінде Бейімбет Майлиннің әңгімелерінің стилімен ұштасады. Ал қозғаған тақырыптары жағынан алар болсақ, оның пікірлері Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Ауезов, Ғабит Мүсірепов сынды қазақ жазушыларының ұстанымдарымен ұштасады. Повестерінде

оқиғаны сыни тұрғыдан сипаттап, қоғамның шынайы бейнесін көрсетуге тырысқан.

М.Ш. Эсендал, жастық шағынан бастап бетпе-бет келген қарапайым халықтың өмірін көркем шығармаларында кеңінен суреттеген. Ол өз шығармалары арқылы қоғамдығы жетістіктер мен олқылықтарды көрсетуді, оған назар аударуды және оқырманды хабардар етуді мақсат еткен [2, 3 б.]. Оның шығармаларында қарапайым адамдардың күнделікті тыныс-тіршілігі, әйелдердің проблемалары, олардың қоғамдағы орны, қоғамның дамуы үшін маңызды үдерістер, әдет-ғұрыптың орны, балалар және білім беру саласы, қоғамда болып жатқан батыстандыру науқаны, ауылдың проблемалары секілді тақырыптар оқырманға түсінікті қарапайым тілмен баяндалған.

Зерттеу әдістері. Бұл мақалада жазушының «Çamur Ahmet'in cıkışları» атты әңгімесін менталитет, құрылым, стиль, және тақырып

жағынан талдай отырып, мәтіннің әдеби құндылығын және жазушының көзқарасын анықтауға тырыстық. Сонымен қатар, тақырыбымызға арқау болған әңгіме түрік әдебиетінде кеңінен қолданылып жүрген проф. Шериф Акташтың мәтін талдау әдісі арқылы талданды. Осы тұрғыда мәтіннің құндылығы мен жазушының көзқарасы айқындалды. XX ғасыр басындағы Түркиядағы қоғам өмірі және ондағы қарапайым адамдардың тіршілігі, балалар және білім беру саласындағы олқылықтар, мәтіннің құрылымы, идеологиясы, кейіпкер, уақыт және кеңістік ұғымдарының шығармадағы орны мен ерекшелігі сараланды. Мәтіннің тілдік ерекшелігі мен жазылу стилі көрсетілді.

Мақаламыздың мақсаты, Мемдух Шевкет Эсендалдың әдеби шығармашылығының ерекшелігін көрсетумен қатар, XX ғасырдың басындағы Түркиядағы қоғамдық мәселелердің көркем шығармада бейнеленуін көрсету және заманауи мәтінталдау үрдісінің сипаттамасын көрсету болып табылады. Зерттеу нәтижелерін түрік әдебиеті бойынша болашақ мамандарды дайындау барысында әдістемелік құрал ретінде пайдалануға болады.

Талқылау. 1.1. Шығармадағы менталитеттің көрінісі. «Çamur Ahmet'in çıkışları» атты әңгімеде XX ғасыр басында Анадолы аймағындағы әлеуметтік мәселелердің ерекшелігі, бүгінгі күнге дейін жалғасып жатқан қыры, оқиғалардың тәрбиелік мәні, білім беру саласындағы өзекті мәселелер себебі бейнеленумен қатар, жазушының өмірлік ұстанымы көрсетілген.

Әр шығарма оның жазылу кезеңіне байланысты күш пен ақыл-ой қозғалыстарының әсерінен жазылады немесе айтылады. Яғни, қоғамда үстемдік ететін әскери, әкімшілік, режимге қатысты ойлар, әлеуметтік өмірдің қолданылатын тәртібі, дін мен білімге қатысты қолданылатын және алға қойылған ұсыныстар жазушының өз ойларын қағазға түсіруіне түрткі болады. [3, 37 б.].

Қоғам мәселелері Эсендалдың барлық еңбектерінде кездеседі. Әр автордың белгілі бір ауқымы бар. Бұл кеңістік автордың өткен өмірінен қалыптасқан сезімталдықты

анықтайды. Эсендал, көптеген жазушылар сияқты, ол сезімтал тақырыптарды сипаттады. Жас кезінде ол Анадолының көптеген жерлерін инспектор ретінде аралайды. Осылайша, ол көптеген адамдармен жақын араласып, түрлі оқиғалардың куәсі болды. Шынында да, Эсендал өзінің өмірінің осы кезеңінде бастан кешкендерін, өз шығармаларында әділетсіз қызметкерлермен ары тапталған кедейлердің мысалдарымен береді. Атақты түрік журналисті Октай Акбал, өз зерттеуінде М.Ш. Эсендалдың шығармашылығы жайында «біздің жазушылығымыздың арасында Мемдух Шевкет Эсендал сияқты ұлтымыздың тыныс-тіршілігін шынайы түрде сипаттағандар аз», - деген [4].

Жазушының «Çamur Ahmet'in çıkışları» атты шығармасын білім тақырыбында жазған ең ұзын әңгімесі (43 бет) деп бағалауға болады. Әңгіменің оқиға желісі мектепте математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген Ахмет атты кісінің естеліктерінен құралған. Шығармада Ахметтің жаңа жұмыс орнында ешкімнен тайынбай шынықты бетке айтуымен қатар, білім беру саласында бірталай кемшіліктерді көрсетуі, «қоғамда орын алған олқылықтардың себебі ретінде басшылықтың көп мәселелерге жіті көңіл бөлмеуі», - деп санауы, оның белсенді әрекетін аңғартады. Оқиға желісінде бас кейіпкер мұғалім болып жұмысқа орналасады. Ол жұмыс орнындағы өзі куә болған оқиғаларды суреттеп, қоғамдағы олқылықтарды көрсетуге тырысқан. Осылайша оқырмандарын шалғай аудандардағы әлеуметтік мәселелердің күрмеуін шешуге шықырады. Шығармада сол кезеңдегі мұғалімдердің тауқыметті жұмысы мен білім беру жүйесіндегі кемшіліктер сипатталған.

1.2. «Çamur Ahmet'in çıkışları» әңгімесінің сюжеті. Оқиға желісі Ахметтің жұмысқа орналасу мақсатында әр мекемеге бас сығалауымен басталған. Ахмет жұмысқа орналасу барысында көптеген қиындықтар орын алып, тіпті таныстары да оған кедергі жасайды. Алайда, бір басшы кісімен танысқан соң, оның соңынан қалмай жүріп, математика пәнінің мұғалімі ретінде мектепке жұмысқа жіберіледі. Мектепке барған кезінде өзінің тік

22. Кляшторный С.Г. Памятники древнетюркской письменности и этнокультурная история Центральной Азии. – Санкт-Петербург: «Наука», 2006.
23. Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках // Памятники древнетюркской письменности и этнокультурная история Центральной Азии. – Санкт-Петербург: «Наука», 2006.
24. Кляшторный С.Г. Стелы Золотого озера (к датировке енисейских рунических памятников) // Тюркологический сборник. – Ленинград, 1976.
25. Кононов А.Н. Семантика цветообозначения в тюркских языках // Тюркологический сборник. 1975. – М.: 1978. С – 159-179.
26. Кудяева З.Ж. К символике “верха” в Адыгской мифопоэтической традиции. Эпический текст: проблемы и перспективы изучения: Материалы I Международной научной конференции. Ч. I. 21-23 сентября 2006 г. - Пятигорск: ПГЛУ, 2006.
27. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – Москва, Ленинград, 1952.
28. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности Манголии и Киргизии. Изд. АН. – Москва, Ленинград, 1959.
29. Матье М.Э. Древнеегипетские мифы. – Москва, Ленинград, 1956.

30. Махмуд Кошғарий. Девону луғотит турк [Диван лугат ат-турк]. III Том. ЎзРФА. – Т.: 1963. Таржимон ва нашрга тайёрловчи С.М.Муталлибов.
31. Мелегинский Е.М. Хаос и космос. Космогенез / Поэтика мифа. – Москва: «Наука», 1976.
32. Менгес К.Г. Тюркское idi ‘господин’, некоторые его рефлексy в тюркских языках и параллели в других языковых семьях. – В кн.: «Turcologica». – Ленинград, 1976.
33. Мифы народов мира. Энциклопедия. – Москва, 1980. Том II.
34. Потапов Л.П. Алтайский шаманизм. – Ленинград: «Наука», 1991.
35. Потапов Л.П. Умай – божество древних тюрков в свете этнографических данных // Тюркологический сборник, 1972. – Москва: «Наука», 1973. –С. 265-286.
36. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – Санкт-Петербург: Типография Императорской Академии Наук, 1905.
37. Рахмонов Н.А. Художественные особенности памятника Кюль Тигину: дисс. на соиск. канд. наук. – Т.: 1983.
38. Рахмонов Н. Қадимги ҳикматлар [Древние пословицы]. Ғ. Ғулом номидаги Адабиёт ва санъат нашриёти. – Ташкент: 1987.
39. Рахмонов Н. Рухиятдаги нур муроди [Стремление к свету]. А. Қодирий номидаги халқ меъроси нашриёти. – Т.: 2002.
40. Рахмонов Н. Ўзбек мумтоз адабиёти намуналари. I жилд. -Т.: “Фан”, 2005. Б. 28-37.
41. Сагалаев А.М. Мифология и верования алтайцев. Центрально-азиатские влияния. – Новосибирск: «Наука», 1984. –С. 69.
42. Сейидов М.А. К вопросу о трактовке понятий *jet sub* в древнетюркских памятниках (в сопоставлении с реликтами домусульманских верований) // Советская тюркология №3. – Баку: 1973.
43. Тилавов А. Ўзбек халқ достонларидаги от образининг тарихий асослари ва бадиий талқини [Исторические основы и художественная интерпретация образа коня в узбекских народных эпосах]. Филол. фан. ном. дисс. – Т.: 2000.
44. Топоров В.Н. Мифы народов мира: Энциклопедия. – М.: 1980.
45. Троицкая А.Л. Первые сорок дней ребенка (чилля) среди оседлого населения Ташкента и Чимкентского уезда // В.В. Бартольд: Туркестанские друзья, ученики и почитатели. – Т.: 1927. Т-VI.
46. Фрейденберг О.М. Миф и литература древности. – Москва: «Наука», 1978.
47. Фрэзер Дж.Дж. Золотая ветвь: Исследование магии и религии. – Москва: «Политиздат», 1986.
48. Черемисин Д.В. К ирано-тюркским связям в области мифологии: богиня Умай и мифическая птица // Народы Сибири: история и культура. – Новосибирск, 1997. –С. 38.
49. Элиаде М. Космос и история. – Москва: «Прогресс», 1978.

Н.И. Журакузиев

*Әлишер Навои атындагы Ташкент мемлекеттик өзбек тили мен әдебиети университети,
Ташкент, Өзбекстан*

Ежелгі түркі халықтары әдебиеті мен фольклорындағы әлемдік құрылым моделі

Аңдатпа. Көнетүркілік әдеби көздер мен фольклор деректері бойынша ғаламның тік үш қабатты моделі талданған. Көк Тәңірінің жоғары әлемі, қасиетті Жер-Судың орта әлемі, Ерлікханның қол астындағы жер асты әлемі Орхон-Енисей жазбалары, «Ырық бітік» және фольклорлық дереккөздер негізінде зерттелді. Ғалам құрылымы туралы көне түркі мифтері мен Көк Тәңірі, қасиетті Жер-Су, Ұмай, Ерлік хан бейнелері салыстырыла қарастырылды. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінен көрініс беретін түркілік дүниетаным сараланды. Қараш, Маттир, Шыңғай, Пірімхан, Бадиш би, Ябаш, Темірхан, Ұшархан, Керейхан, өлім рухы Бөрт және т.б. мифологиялық бейнелер туралы пайымдаулар айтылды. Ежелгі түркі халықтары дүниетанымындағы ғалам құрылымының үш қабатты моделі қайта жаңғыртылды. Қайта жаңғырту кезінде мифологиялық бейнелер пантеоны қабаттар бойынша берілді. Күлтегін, Онгин эпита-

фиялары, жартастағы Гурвалжин-Ула жазбасы, Алтынкөл жазбасы, «Ырық бітіг» кітабы мәтіндеріндегі ғалам құрылымының моделі зерттелді. Көк Тәңірі, Ұмай, Ерлік ханның мифологиялық бейнелері жазба және ауызша деректер бойынша бөлек қарастырылды. «Ырық бітіг» кітабындағы XII, IV астарлы нақыл сөздер егжей-тегжейлі талданды. Сондай-ақ, «Диуани лугат-ит түрк» және түркі руникалық ескерткіштеріндегі «Тәңірі» және «Кам» (шаман) сөздері салыстырыла сараланады.

Түйін сөздер: көне түркі әдебиеті, мифология, космогониялық мифология, ғаламның үш қабатты моделі, мифологиялық бейнелер. Көк Тәңірі, Ұмай, Ерлік хан, қасиетті Жер-Су.

N.I. Jurakuziyev

Alisher Navo'i Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature, Tashkent, Uzbekistan

Model of the world order in the literature and folklore of the ancient Turkic peoples

Abstract. The article permeates the vertical three-story model of the universe according to ancient Turkic literary sources and folklore. The upper world of Kyok Tengri, the middle world of the Sacred Er-Suv, the underworld under the rule of Erlikkhan according to the Orkhon-Yenisei epitaphs, "Yrk bitig" and folklore sources have been studied.

A comparative analysis of the ancient Turkic myths about the world order and the images of Kök Tengri, Sacred Er-Suv, Umai and Erlikkhan have been carried out. The worldviews in the ancient Turkic runic monuments and other written sources have been compared.

The mythological images of Karash, Mattir, Shingai, Kumirkhan, Badish biy, Yabash, Temirkhan, Uchakhan, Kereykhon, the spirit of death Byurt and others are noted. The authors have reconstructed a three-storey model of the universe of the ancient Turkic. The model of the world order in the epitaphs of Kul Tigin, Ongin, the rock inscription of Gurvalzhin-Ula, the inscription from Altynkol and the book of divination «Yrk bitig» is investigated.

The mythological images of Kyok Tengri, Umai, Erlik Khan have been studied separately from written and oral sources. The XII and LV parables in the book of fortune telling «Yrk bitig» have been analyzed. And also, the words «Tengri» and «Kam» (shaman) in «Divan lugatit-turk» and Turkic runic monuments have been comparatively studied.

Keywords: ancient Turkic literature, mythology, cosmogonic mythology, three-story model of the universe, mythological images, Kek Tengri, Umai, Erlik Khan, Sacred Er-Suv.

References

1. Kramer S.N. Mythologies of the ancient world. New York, 1961. Transl. by Dyakonova I.M. (Nauka, Moscow, 1977).
2. Radloff W. Die alttürkischen Inschriften. (I, St.-Pbg., 1894).
3. Rahmonov N. Ozbek mumtoz adabiyoti namunalari [Samples of Uzbek classical literature]. (I jild. Fan., T, 2005).
4. Yaşar K. Doğu Anadolu'da Eski Türk İnanclarinin izleri. (AKM. Ankara. 1995).
5. Abdurahmonov F., Rustamov A. Qadimgi turkij til [Old Turkic language]. (Oqituvchi, T, 1982).
6. Alekseev N. A. Shamanizm tyurkoyazychnyh narodov Sibiri [Shamanism of the Turkic-speaking peoples of Siberia]. (Nauka. Sibirskoe otdelenie, Nov-sk, 1984).
7. Alekseev N.A. Rannie formy religii tyurkoyazychnyh narodov Sibiri [Early forms of religion of the Turkic-speaking peoples of Siberia]. (Nauka, Sibirskoe otdelenie, Nov-sk, 1980).
8. Anohin A.V. Materialy po shamanstvu u altajcev [Materials on shamanism among the Altaians]. (Leningrad, 1925).
9. Bezertinov R.N. Tengrianstvo-religiya tyurkov i mongolov [Tengrianism is the religion of the Turks and Mongols]. (Slovo, Kazan, 2004).

10. Bisenbaev A. Mify drevnih tyurkov[Myths of the ancient Turks]. (Almaty, 2007).
11. Borovkova E.K. Aist i svyazannye s nim primety i poveriya u mestnogo naseleniya[Stork and associated signs and beliefs among the local population], Sbornik nauchnogo kruzhka pri Vostochnom fakultete Sr. Az. Gos. Universiteta [Collection of a scientific circle at the Faculty of Oriental Art. Az. State University]. Vyp. I. T.: 1928.
12. Burdukov A.V. Russko-mongolskij slovar-razgovornik [Russian-Mongolian dictionary-phrasebook]. (Leningrad, 1935).
13. Gabyshev E.S. Kult solnca mifologii yakutov[The cult of the sun of the Yakut mythology]: avtoref. na soiskanii kand. nauk.[thethys for the candidacy of Cand. sciences] (Sankt-Peterburg, 1999).
14. Gerodot. Istoriya: v devyati knigah[History: in nine books]. (Moscow, 1993).
15. Gumilev L.N. Qadimgi turklar [Old Turks]. Fan. (T, 2007).
16. Gurvich I.S. Kosmogonicheskie predstavleniya i perezhitki totemicheskogo kulta u naseleniya Olenekskogo rajona[Cosmogonic ideas and remnants of a totemic cult among the population of the Olenek region], Sovetskaya etnografiya[Soviet Ethnography]. 1948. №3.
17. Drevnetyurkskij slovar[Ancient Türkic dictionary]. (Nauka, Leningrad, 1969).
18. Zhukovskij N.L. Buryatskaya mifologiya i ee mongolskie paralleli [Buryat mythology and its Mongolian parallels]. In the book: Simvolika kultov i ritualov narodov zarubezhnoj Azii[Symbols of cults and rituals of the peoples of foreign Asia]. (Moscow, 1980).
19. Zhurakuziev N. I. Predstavleniya drevnih tyurok o mirozdanii (na primere pamyatnika v chest Kyul-Tegina i pamyatnika S. Elegesha)[Representations of the ancient Turks about the universe (for example, the monument in honor of Kyul-Tegin and the monument to S. Elegesh)], Vestnik CHelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta[Bulletin of the Chelyabinsk State University]. 2012. №. 2 (256).
20. Karunovskaya L. E. Predstavleniya altajcev o vselennoj (Materialy k altajskomu shamanstvu)[Representations of the Altaians about the universe (Materials for Altai shamanism)], Sovetskaya etnografiya[Soviet ethnography]. Izd. AN. SSSR. (Moscow, 1935, № 4-5).
21. Katanov N.F. Obrazcy narodnoj literatury tyurkskih plemen. XI chast. Perevod [Samples of folk literature of the Turkic tribes. XI part. Translation]. (SPb., 1907).
22. Klyashtornyj S.G. Pamyatniki drevnetyurkskoj pis'mennosti i etnokulturnaya istoriya Centralnoj Azii[Monuments of ancient Turkic writing and ethnocultural history of Central Asia]. (Nauka, S. Pb., 2006).
23. Klyashtornyj S.G. Mifologicheskij syuzhety v drevnetyurkskih pamyatnikah[Mythological plots in ancient Turkic monuments], Pamyatniki drevnetyurkskoj pis'mennosti i etnokulturnaya istoriya Centralnoj Azii[Monuments of ancient Turkic writing and ethnocultural history of Central Asia]. (Nauka, S. Piter., 2006).
24. Klyashtornyj S.G. Stely Zolotogo ozera (k datirovke enisejskih runicheskikh pamyatnikov) [Steles of the Golden Lake (to the dating of the Yenisei runic monuments)], Tyurkologicheskij sbornik[Turkological collection]. (Leningrad, 1976).
25. Kononov A.N. Semantika cvetooboznacheniya v tyurkskih yazykah[Semantics of color designation in Turkic languages], Tyurkologicheskij sbornik[Turkological collection], 1975. (Moscow, 1978).
26. Kudaeva Z.ZH. K simvolike "verha" v Adygskoj mifopoeticheskoj tradicii. Epicheskij tekst: problemy i perspektivy izucheniya[Towards the symbolism of the "top" in the Adyghe mythological and poetic tradition. Epic Text]: Materialy I Mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii[Problems and Prospects of Study: Proceedings of the I International Scientific Conference]. CH. I. 21-23 September 2006. Pyatigorsk: PGLU, 2006.
27. Malov S.E. Enisejskaya pismennost tyurkov[Yenisei writing of the Turks]. (Moscow, Leningrad, 1952).
28. Malov S.E. Pamyatniki drevnetyurkskoj pismennosti Mangolii i Kirgizii[Monuments of ancient Turkic writing in Mangolia and Kyrgyzstan]. (Izd. AN, Moscow, Leningrad, 1959).
29. Mate M.E. Drevneegipetskie mify[Ancient Egyptian myths]. (Moscow, Leningrad, 1956).
30. Mahmud Koshgarij. Devonu lugotit turk [Divan lugat at-turk]. III Tom. OzRFA. T.: 1963. Tarzhimon va nashrga tajyorlovchi S.M.Mutallibov.
31. Meletinskij E.M. Haos i kosmos. Kosmogenez / Poetika mifa[Chaos and space. Cosmogogenesis / Poetics of Myth.]. (Nauka, Moscow, 1976).
32. Menges K.G. Tyurkskoe idi 'gospodin', nekotorye ego refleksy v tyurkskih yazykah i paralleli v drugih

yazykovyh semyah [The Türkic idi is 'lord', some of its reflexes in the Türkic languages and parallels in other language families]. In the book: Turcologica. (Leningrad, 1976).

33. Mify narodov mira. Enciklopediya [Myths of the peoples of the world. Encyclopedia]. (Moscow, 1980, Tom I).

34. Potapov L.P. Altajskij shamanizm [Altai shamanism]. (Nauka, Leningrad, 1991).

35. Potapov L.P. Umaj – bozhestvo drevnih tyurkov v svete etnograficheskikh dannyh [Umaj - the deity of the ancient Turks in the light of ethnographic data], Tyurkologicheskij sbornik [Turkological collection], 1972. (Nauka, Moscow, 1973).

36. Radlov V.V. Opyt slovarya tyurkskih narechij [Experience of the dictionary of Turkic dialects]. (Tipografiya Imperatorskoj Akademii Nauk, Sankt-Peterburg [Printing house of the Imperial Academy of Sciences], 1905).

37. Rahmonov N.A. Hudozhestvennye osobennosti pamyatnika Kyul Tiginu [Artistic features of the monument to Kul Tigin]: Diss. na soisk. kand. Nauk [diss. for a job. Cand. sciences]. (T, 1983).

38. Rahmonov N. Qadimgi hikmatlar [Ancient proverbs]. G. Gulom nomidagi Adabiyot va sanat nashriyoti. (T, 1987).

39. Rahmonov N. Ruhiyatdagi nur murodi [Striving for the light]. A. Qodirij nomidagi halq merosi nashriyoti. (T, 2002).

40. Rahmonov N. Ozbek mumtoz adabiyoti namunalari [Samples of Uzbek classical literature]. (I zhild. Fan, T, 2005).

41. Sagalaev A.M. Mifologiya i verovaniya altajcev. Centralno-aziatskie vliyaniya [Mythology and beliefs of the Altaians. Central Asian influences]. (Nauka, Nov-sk, 1984).

42. Sejidov M.A. K voprosu o traktovke ponyatij jer sub v drevnetyurkskih pamyatnikah (v sopostavlenii s relikhtami domusulmanskih verovanij) [On the question of the interpretation of the concepts of jer sub in ancient Turkic monuments (in comparison with the relics of pre-Muslim beliefs)], Sovetskaya tyurkologiya [Soviet Turkology] №3. (Baku, 1973).

43. Tilavov A. Ozbek halq dostonlaridagi ot obrazining tarixiy asoslari va badiij talqini [Historical foundations and artistic interpretation of the image of a horse in Uzbek folk epics]. Filol. fan. nom. diss. (T, 2000).

44. Toporov V.N. Mify narodov mira: Enciklopediya [Myths of the peoples of the world: Encyclopedia]. (Moscow, 1980).

45. Troickaya A.L. Pervye sorok dnei rebenka (chillya) sredi osedlogo naseleniya Tashkenta i CHimkentskogo uezda [The first forty days of a child (chill) among the sedentary population of Tashkent and the Chimkent district], V.V. Bartoldu: Turkestanskije druzya, ucheniki i pochitateli [V.V. Barthold: Turkestan friends, students and admirers]. (T, 1927, T-VI).

46. Frejdenberg O.M. Mif i literatura drevnosti [The myth and literature of antiquity]. (Nauka, Moscow, 1978).

47. Frezer Dzh.Dzh. Zolotaya vetv: Issledovanie magii i religii [The Golden Bough: The Study of Magic and Religion]. (Politizdat, Moscow, 1986).

48. Cheremisin D.V. K irano-tyurkskim svyazyami v oblasti mifologii: boginya Umaj i mificheskaya ptica [Towards the Iranian-Turkic ties in the field of mythology: the goddess Umaj and the mythical bird], Narody Sibiri: istoriya i kultura [Peoples of Siberia: history and culture]. (Nov-sk, 1997).

49. Eliade M. Kosmos i istoriya. Progress [Space and history]. (Moscow, 1978).

Сведения об авторе:

Журакузиёв Нодирбек – PhD, руководитель отделом научных исследований и подготовки научных кадров, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы имени Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан.

Jurakuziyev Nodirbek – PhD, Head of the Department of Scientific Research and Training of Scientific Personnel, Alisher Navo'i Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature, Tashkent, Uzbekistan.

К.С. Курмамбаева
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан
(E-mail: karlitos-73@mail.ru)

Жанат Әскербекқызы поэзиясының көркемдік ерекшелігі

Аңдатпа. Мақалада 1990 жылдары қазақ поэзиясына келген талантты топтың ішінде өз орны айқындалған, шығармашылығы қалыптасқан, жеке-дара қолтаңбасы бар Жанат Әскербекқызы поэзиясы ғылыми тұрғыда талданған. Автор ақынның сөз өнеріне қосқан үлесін, әкелген жаңалығын пайымдау үшін әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеу еңбектеріне жүгіне отырып, оның идеялық және көркемдік дүниесіндегі ерекшеліктерді (тілі, стилі, т.б.) ашып көрсетеді. Ұлттық құндылықтарды биік тұтқан, әрі эстетикалық талғамға сай туындыларына объективті баға беруге ұмтылады. Мысалы, ақын поэзиясының Оралхан Бөкейдің романтикалық прозасымен үндестігі салыстырыла дәйектелген, өлеңдеріндегі символдық бейнелер байышталған. Лирикалық иірімдерден бөлек, Ж. Әскербекқызы жырларында жиі ұшырасатын отансүйгіштік сарын нақты мысалдар негізінде зерделенген, сондай-ақ, өлеңдерінің өрнегіне өрілген мифологиялық және фольклорлық элементтердің поэтикалық сыр-сипаты тиісінше сараланған.

Түйін сөздер: поэзия, романтика, лирика, метафора, фольклор, образ, көркемдік дәстүр, мифология.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-134-1-37-43>

Түсті: 31.10.20 / Қайта түзетілді: 25.12.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 18.03.21

Кіріспе. Жанат Әскербекқызының өлеңдері республикалық басылымдарда 1982 жылдан бастап жарияланып келеді. Оның поэзиясында Алтайдың ақ қысын көркем бейне қылып өшпестей таңбалап берген Оралхан Бөкейдің романтикалық прозасымен үндестік молынан кездеседі деуге болады. Қазақ поэзиясына XX ғасырдың 90-жылдарының ішінде балауса жырларымен келіп, әдеби ортаны елең еткізген ақынның шығармашылық жолы үздіксіз ізденіспен, өсумен ерекшеленді. Ақын қыздың 1983 жылы жазылған «Қара гүл» атты өлеңі – тосын теңеу, тың метафоралық қолданысымен, астарлы мәнімен оқырмандар жүрегіне жол тапты. Бұдан кейінгі жылдары жазылған «Елік-сезім», «Ту сыртымнан Көкжорға кісінеді», «Перінің қызы Бекторы», «Қаракөз-бұлақ», т.б. өлеңдері тың ізенісімен ерекшеленсе, әр жылдары жарық көрген «Ғарыш билер ғұмырымды», «Қаңтардағы қы-

зыл гүл», «Қаракөз-бұлақ», «Қаз қанатындағы ғұмыр», «Ай-тамғы», «Қыш тақтадағы сына жазу» атты өлеңдер жинағы арқылы ұлттық поэзияға сапалық тұрғыда өз үлесін қосты.

Сыршылы өлеңдеріне адамның жан-дүниесінің сан қатпарлы күйін, сондай-ақ, өткен мен бүгінді, тарихи сәттердің үзіктерін арқау еткен ақынның шығармашылығы туралы бірсыпыра зерттеулер де жазылды. Біз Жанат Әскербекқызы поэзиясының көркемдік сипатын көңіл күй ауанын бейнелеген алуан тақырыптағы өлеңдері арқылы зерделеуді мақсат еттік.

Зерттеу әдістері. Тақырыпты қарастыруда талдау, жинақтау, салыстыру әдістері ұстанымдары негізге алынды.

Талқылау. Жанат Әскербекқызының өлеңдерінде көрнекті қаламгер Оралхан Бөкейдің романтикалық сарындағы прозалық туындыларымен үндестік кездесетінін сөз басында

айтып өткенбіз. О. Бөкейдің «Қар қызы» атты повесіне кейіпкер болған тылсым бейне бар. Ол – «қар шағылдарының арасынан сыңсыта ән салатын Қар қызы». Жанат Әскербекқызы өлеңінде осы мотив былай жаңғырады:

Сол күндер қайта оралса,
Қоңыр мұң бұлтын жан дауылымен қуар ем,

Көңіліңнің мөлдір көгіне
Жарқырап күндей шығар ем.
Арман-шыңына бет алсаң, сенің алдыңнан
Қар қызы болып шақырар едім мына мен [1, 3 б.].

Ақын тіршіліктің ақ пен қарасын, тағдырдың мың алуан бейнесін айналадан іздеп табады. «Қара гүл» атты тосын бейнелі өлеңі – соның айғағы.

Ақ гүл де көрдім,
Қызыл гүл тердім. Ал, мұны.
Көргенім осы...қозғалып кетті-ау
жан мұңы,
Қара гүл тұрды, қауызы тұнып тамшыға,
Гүлдің де, сірә, болады екен ғой тағдыры...
Нәп-нәзік болмыс неліктен ғана қаралы,
Жалғыз бұл емес, гүл біткен ертең солады.
Жаудырап тұрып қараған сәтте, көзіме
Елестеп кетті қаракөз қыздың жанары.

Тұңғыықтанып, түнеріп тұрды қара гүл,
Төбенің төсін қақ жарып шыққан жара бұл!

Бұрылып кеттім... Құйындай ұйытқып көңіліме
Беймазаланып, тап бола кетті нала бір.

Мына гүл менің мұңымды жаяр жаршы ма,

Сығылар мұңың,
қансыра, жүрек, қансыра!
...Көз орнында көз емес... кейде қарасаң
Қара гүл тұрар, қауызы толып тамшыға... [1, 8 б.].

Ақын метафораны поэтикалық тұрғыдан өте нәзік қолданған және лирикалық кейіпкердің күллі болмысы гүл қауызына тұнған шық тамшысына ма, әлде жаңбыр суына ма,

ол енді көз жасының аллегориясы; өмірдің құса-қайғысын нышан білдірген белгіге байланып қалған ілкі бір мезеттің биік трагедиялық табиғатын көркем аша білген. Ақынның өзі айтқандай,

Таңырқама, бауырым, мына өмірге
Меңде де бар наза, өкпе-нала.

Жанат Әскербекқызының өлеңдерінде қыздың жанын гүлге жиі теңеу кездеседі. «Іздеме мені» атты өлеңінде [1, 15 б.]: «Нәп-нәзік жанды бөлісіп кеттім шоқ гүлмен»; «Қызыл қырқадан сен жаққа мен де көз тіктім. Көктем желімен ырғала тұрып гүл-тұлғам» және «Ауылымның сыртында жалғыз бұлақ» деп басталатын өлеңде «Түн құшағын ашқанда жылайтын ол Нәзік жанын ауыртып гүл ғұмыры» делінген [1, 21 б.]. «Бұлдырап көз ұшында жоғалады Қылт еткен қызғалдақтай қыз-ғұмырым»; [1, 45 б.]. «Өртеңге өскен гүл едім»; «Сортаңға біттің сорлы гүл».

Іңкәрім – гүл, көктемім – пәк сұлуым,
Жүрекке махаббаттың тақшы гүлін.
Кеудемнен қоңыр мұңды жұлып алып,
Әлемнің әкеп орнат жақсылығын [1, 27 б.].
Қыз бейне ақын үшін үлбіреген гүлмен тең, сондықтан оның жанын мұң ториды.

Жүруші ең, құрбым, көктемгі гүлдей жайнаңдап,

...Нәзік гүліңнің сары желегі бүрілді-ау.
Гүл өсу үшін тіршілік көзі – су керек.
Гүлмен қоса ақын бұлақты да жиі суреттеуге құштар.

Шөлдесе жаның – бұлақпың,
Шөліңді қандыр.
Сенделе іздеген сен бе едің, сенімді жан бір,

гүл болып жұпар себейін нұр жүрегіңе
қауызымды иіске, өзіме сәлімді қалдыр!

Бұл ұғымға параллель, күн мен түндей егіз айналатын ұғым – көз жасы. «Жапырақ қайың-қыздың көз жасы боп, Үзілген тірлік мұңын ұқтырады...» немесе «Бұлт басқанда көңіліңнің мөлдір көгін, Тамшы болып жаныңа тамдым ба мен?»; «Аспанның жаңбыр – жасымен Қара тасқа да гүл ектір»; «Бұлақ та көзін бұлады, Кім айтар оны мұңсыз деп».

Лирикалық иірімдерден бөлек, Жанат Әскербекқызының жырларында отансүйгіштік сарын мол.

Табынам қара өлеңнің тегіне мен,
Қазаққа өлең – өмір, өмір – өлең.
Ақтабан шұбырынды жылдарында
Қара өлең елім-айлап еңіреген.

Ұлттың өткені мен бүгінін бір көруді ақын көкірегі ұмытпаса керек. «Білге қағанның Күлтегінді жоқтауы» атты өлең қазақтың ежелгі поэзия дәстүрінде жазылған.

Еркіндігін еліңнің сақтаған ең,
Дұшпаныңнан жеңіліс таппаған ең.
Сен кеткелі сенімім тас-талқан боп,
Сүйретіліп шығамын таққа да әрең.
Сұрасаңдар бүгінде осы халім,
Ертеңді ойлап, егілем, шошынамын.
Күлтегінің мезгілсіз ажал тапты,
Келеріңнен, елім-ай, шошынамын [1, 52 б.].

Жанат Әскербекқызы өлеңдерінде мифологиялық, фольклорлық мотивтер тұспалды, ишаралық, бейнелілік қызметімен ерекшеленеді.

Пеңдеге ғашық пешенем,
Перінің қызы екенмін.
Көгеріп мұңмен көсегем,
Көңлімді жүдеу етермін.

Тұрағым – аспан секілді,
Адасып жүрмін жер басып.
Болғанда шама екінді
Кетемін қоңыр белді асып.

Жанат ақын қазақтың «Ер Төстік» ертегісіндегі образдарды өз өлеңдерінде жиі пайдаланды. Ол ертегінің жағымсыз кейіпкері Бекторыны кінәламайды, керісінше, жанына жақын тартады, тіпті, өзін кейде сол перінің қызы Бекторыға балайды. Кенжекейге бұйырған асыл махаббатқа Бекторы қызықса несі бар деп терең ойлайды.

Пеңдеге айтпа өкпені
Перінің қызы Бекторы,
қайтесің мыстан-пиғылды,
Тәңірге сыйын көктегі.

Сынықси күлмей сыр бүгіп,
Көрсеттің несін сұм қылық.

Шаңына көміп кетті ме,
Шалқұйрық мінген бір жігіт.

...Толықсып шықшы алдынан,
Төгіліп тұрып сал бір ән.
Тағдырын шеш деп өзіңнің
Төрелігіңе қалдырам [2, 49 б.].

Негізінде Жанаттың ұлттың өзегінде балталасаң өшпестей болып тұнған ертегілік танымды айрықша қызықтау, құнарын сезіну және бауырына басып, иемдену бар. Және мұнысы ауық-ауық ән қайырмасы сияқты төгіліп кететін сияқты. Мысалы, «Ертістің бойы» атты өлеңінде:

Ертістің бойы ертегі ме еді,
Жезтырнағы бар, жез жүрек.
Үрейлі күйді шертеді желі,
Сұмдық бар жалғыз көзді деп.

Толықсып тоғай тербелер баяу,
Шайылып тәні жаңбырмен.
Пиғылында жоқ пенделерді аяу,
Мыстанға кез боп қалдым мен [2, 15 б.].

Немесе, «Алты қазбен қоштасқан Төлегендей Алты күнмен қоштасам зарымды айтып»; «Бір кебісімді түн алып қалды // Шолпанға ұқсап кеттім мен»; «Ақжүніс ару жылап ояңды // Арыма жоқшы болмаққа»; «Қараман итті қан қылар // Қарлыға қыздың кегін бер!»; «Өте шықты бір күндер // Қыз Жібектің көшіндей».

Әдебиеттанушы ғалым Серік Негимов: «Фольклорлық шығармалардың көркемдік әлемі – поэзия тілінің дәстүрлі қайнар көзі... Ауыз әдебиеті әлемі қазіргі таңда тіл ұстарту үшін, көркемдік ойлау дүниесінің ассоциациялық шеберліктерін арттыру үшін де айрықша қажет», - дейді [3, 335 б.]. Ғалымның бұл тұжырымы ақындықтың табиғатын, поэзияның өзіндік ерекшелігін тереңдей тани түсуге мегзейді.

Орыс ғалымы Ю.Борев: «Көркем шығармашылық әлем өміріне ерекше назар аударудан басталады және «ерекше (сирек) әсерлерді, оларды жадта сақтап, зерделей білу шеберлігін талап етеді» дей келе, жад – шығармашылықтың психологиялық факторы» екенін айтады [4, 95 б.]. Ғалым айтып оты-

рған жад шығармашылық сипатқа ие. Сана түбіндегі ойдың өлеңге айналуы барысында жадтың орны маңызды. Ақынның тарихи жады өте мықты: «Жошыны жұтқан Шыңғыстай Өлтіріп алдым өлеңді...», «Қаңқасы ғана қалды оның» деген жолдардан бағзы бір тарихи оқиғаны психологиялық халмен сабақтастыруды көреміз.

Өзегімді өлең өртеп жатады,
Көз алдымда ойнақтайды қос құлын.
...Қарапайым тірлік үшін – тірімін,
Өлең үшін құрдым жұтып, құрыдым.

...Не біледі, еркелейді құлындар,
Құлындарым, сарқып ішкен мұңым бар.

Естияр шақ туған кезде үңіліп,
Өлеңімнен өмірімді ұғындар.

Бұл шумақтан қолына қалам ұстап туған қазақ ақын-жазушы қыздарының бағы мен соры қос қанат болып көрінеді. Қазіргі заманғы қазақ қоғамының күйіп тұрған мәселелерінің бірі оң жақта отырған бойжеткен қыздың некесіз туған сәбиін шырылдатып, перзентханаға тастап кетуі екені шындық. Жанат Әскербекқызы осынау тірі жетім бөбектер мен көкек аналар тақырыбына жүрек шымырлатар жыр арнады. ««Сәби, сәби, сәби, – дейді сор жүрек» деп басталады.

Тас жүрегін жібітпеді бір ана.
Жан-тәнімен егілді кеп бар ана.

...Бірте-бірте жадырады мұң көгі,
Сәби өсті, өзі жайлы білмеді.
Бір ананың жарып шығып құрсағын
Бір ананың құшағында гүлдеді.

Нәтижелер. Жанат Әскербекқызының лирикалық жырларында нәзік әйел жанының жұмбағы мен сұлулығы қоса өріледі. Жыраулар поэзиясынан да нәр алатын, оның қазақ халқының тұңғық дүниетанымында бар рух пен ділді көрсететін таңбаларды есінен шығармайтын төл баласы екенін танытатын өлең жолдары сан алуан иірімдермен өріліп, ойлы оқырманын жетелеп отырады.

Ақынның айналып келетін алтын қазығы – ел мен жерді қастерлеу, отансүйгіштік сезім.

Ол оның фольклор, мифология мотивтерімен үндес өлеңдерінен бастау алып, патриоттық жырларына, өткен мен бүгінгі қауышуына ұласады. «Тастағы таңба» атты өлеңнің мазмұны сонау есте жоқ ескі замандардағы түркі бабалардың рухын өлтірмей, жаңа ғасырға көшіру болып табылады.

Көк тастың тәніне қашалған,
Көне сыр жұмбағын аша алман.
Құлпытас, тіліңді тістейсің,
Күрсінер шежіре тасаңнан,
Уақыт өзіңе сүйеніп,
Кеңістік көзіне жас алған.

Орасан биік рухты өлең табиғаты биік патриотизмнің әнұраны сияқты естіледі. Уақыт пен кеңістік, яғни космостық ұғымдарды тұлғаландыруы ғажап шыққан.

Көктүрк күйғытып күлікпен,
Көрінсе, күллі жау үріккен,
Көк сүңгі жолашар қару боп,
Күдікті түйреген үмітпен,
Осынау даңқыңнан бабалар,
Тек таңба қаларын біліп пе ең?! [2, 48 б.]

Өлеңде сүйініш пен күйік қабат өріліп тұр. Өйткені ақын жаны қазіргі заманғы ұлылықты аңсайды. Ұрпақтың мықтылығын қалайды. Сондықтан да ақын бұл сарынды келесі бір өлеңінде жалғайды:

Көк бөріге сыйынып, көкке қарап қол жайдым,
Көкірегімде күй ұлып, заман зарын толғаймын...

Көктүркінің ұланы неге болмадым,
Бөрілі туды көтеріп,
Бөрідей жауға тиетін
шығыршығы торғай көз сауыт киетін.

Ақын жыраулар поэзиясынан нәр алғанын, ұрпақ сабақтастығын танытып отыр. Бұл баяғы Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтанбердіден жалғасып, Махамбет кейінгі ұрпаққа табыстаған өрлік рух. Сөнген оттай болмауы үшін де қазіргі заманғы ақындар ғаламданудың төбеден төніп қалған елесіне қарамастан, көне жырдың күмбірін толғай беруге ниетті. Өйтпесе, рухы жасып кетеді.

Жанат Әскербекқызы поэзиясының лейтмотивінде қарға өскен гүл символы бар. Ол

осынау заман өзгерген сайын қазақ баласы алыстап бара жатқан ұлттық рухты аңсаумен де екшеледі, ұлтсыздану ұранына қарсылық болып та естіледі. Нәзік лирика мен биік патриоттық сезімді қатар өруге ақын шебер.

Жанат өлеңдерінің тілдік қоры мол. Қиынсыз, олақ, артық тұрған сөйлем немесе сөз, әсіресе, поэзия жанрында болмауы тиіс.

Өйткені ол биік жанрдың табиғатын бұзды. Бұл тұрғыдан ақынның өзіне тән қолтаңбасы әр жыр кітабында сайрап жатыр. Мұның сыры Жанат Әскербекқызының ұлттың тілдік қазынасын терең меңгеруінде. Сондықтан оның шығармашылық жады мен түпсанасында ұлттық образдардың тұнып тұруы заңды құбылыс.

Жошыны жұтқан Шыңғыстай
Өлтіріп алдым өлеңді.
Ақыретке дейін мұң құспай,
Жүре алмаспын-ау мен енді.

Көз жасымменен тізген ем,
Мөлтілдетіп-ақ әр жолын.
Сәтімде бүгін іздеген,
Қаңқасы ғана қалды оның.

Өлтіріп алдым өзімді
Естіртер жанға жазам бар.
Бейшара сезім көз ілді,
Шабытым қайда азандар?!

Өкініш өртеп өзекті,
Шыңғыстай аласұрдым мен.
Дүние – шіркін кезек-ті,
Түбі қайтеді...кім білген.

Алғашқы ойы елең еткізер өлеңнің сарыны ескі ғасыр тарих жылнамасына кетіп, жаңа ғасыр басталар тұста жан аңсары шығармашылықпен басыбүтін айналысуға өлара қоғамдағы көнкөріс тіршілігі мүмкіншілік бермеген ақын жанының аласұруы, өлеңіне мұңын шағуы. Былайша, уақыттың бейнесіне дәл бейнелеуімен ерекшеленеді. «Ақсақ құлан» аңызы қазақтың санасынан кетпейтұғын тарих болса, әйел ақынның өлеңге деген шынайы құштарлығын Жошының қапыда өлтірілуіне теңеуі нағыз ұлттық дүние-

танымның айғағы болады. Жанаттың бір-біріне қабыса қоймайтын қос ұғымды доғаша иіп әкеп, бір өлеңнің астарына салу шеберлігін атап өтпеске болмайды.

Қорытынды. Жанат Әскербекқызының жырларынан сыршыл, аңғарымпаз жанның табиғаты анық көрініп тұрады. Көңілін тоқытқан, ерекше әсер сыйлаған сәттер мен құбылыстардың нәзік тұсын санасында ұстап қалып, оны көркем де бейнелі қалыппен туындатуда ақынның өзіндік мәнері айрықша көрініп, үні ерекше танылды.

Қазақ поэзиясында Фариза ақыннан басталған сыршылдық, сезімталдық кейінгі толқын сінділерінде өрби түскені шындық. Фариза ақын не деуші еді:

Жұртқа жұмбақ болды да мендегі елес,
біреулерге бұл күнде мазақ та өзім...
Махаббаттың күйігі – ерлер емес,
әйел ғана шыдайтын азап-төзім [5, 42 б.].

Гүлнәр Салықбаева қазақ әйелінің жан сырын бүгіп қалатын сәтін ол да именбей, көркем ойдан толықси туған өлеңнің қанжығасына байлап жібереді:

Сен – мендесің!
Өтсе де неше керуен,
Бал айының әніне балқы, көкпек!
Қап-қараңғы. Қазылған көшелермен
Тәтті ойымнан келемін тәлтіректеп [6, 16 б.].

Жанат Әскербекқызы бұл тақырыпты көп қаузаған. Абайша айтса, «Өлең, шіркін – өсекші...» екенін біле тұра жан сырын өлеңге өріп, бейнелі ойға бөлеп айтудан тартынбаған ақын.

Сіз – ғұмырлық шер болдыңыз,
Күлкі, мұңға тел болдыңыз.
Көз жасымнан көл жасағам –
Қайық болып тербелдіңіз, –
деген жолдардағы сезім шындығы осы сөзімізге дәлел бола алады.

Қорыта айтқанда, Жанат Әскербекқызы қазақ поэзиясына өзіндік қолтаңбамен келіп, өзінің дара стилін танытқан ақын ой мен сезім ұштасып, терең сыршылдықпен, шұрайлы тілмен өрнектелген өлеңдері арқылы әдебиетімізді сапалық тұрғыда байытуға өз үлесін қосуда.

Әдебиеттер

1. Әскербекқызы Ж. Қаракөз – бұлақ, – Астана: Елорда, 2001. – 184 б.
2. Әскербекқызы Ж. Қаңтардағы қызыл гүл. – Астана: Елорда, 2001. – 76 б.
3. Негимов С. Шығармалары. I том. – Астана: Фолиант, 2015. – 424 б.
4. Боров Ю. Эстетика. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 408 б.
5. Оңғарсынова Ф. Ғашық сезім. – Астана: Фолиант, 2013. – 224 б.
6. Салықбаева Г. Аспандағы аңсарым. – Алматы: Жазушы, 2001. – 144 б.

K. Kurmambayeva

Shakarim University of Semey, Semey, Kazakhstan

Artistic features of Zhanat Askerbekkyzy's poetry

Abstract. The article provides a comprehensive scientific analysis of the poems of Zhanat Askerbekkyzy. The romantic harmony of Zhanat Askerbekkyzy's poems is compared with the poetry of Oralkhan Bokey. Among the talented youth who entered Kazakh poetry in the 1990s, Zhanat stands out as a poet with a distinctive, unique style.

The author of the article reveals symbolic and lyrical images in the poems of Zhanat Askerbekkyzy. In addition to lyrical stanzas, the author of the article analyzes and systematizes on specific examples of the use of patriotic motives in the poems of Zhanat Askerbekkyzy. The author also scientifically expounds the fact that the poet often added elements of mythology and folklore to his poems.

The author purposefully has studied the novelty of Zhanat Askerbekkyzy's poetry. Where appropriate, the author used research by scholars published in the field of literary criticism in writing the article. The poet's poems have explored his national style, artistry and aesthetic taste, and have revealed the poet's own handwriting. The poet's ability to defend ethno-cultural values, to reveal national traditions and thereby contribute to Kazakh poetry is analyzed and explained. In her article, the author of the article was able to show that the language and style of the poems are clear.

Keywords: poetry, romance, lyrics, metaphor, folklore, image, artistic tradition, mythology.

К.С. Курмамбаева

Университет имени Шакарима города Семей, Семей, Казахстан

Художественные особенности поэзии Жанат Аскербекқызы

Аннотация. В статье дается всесторонний научный анализ стихов Жанат Аскербекқызы. Романтическая гармония стихов Жанат Аскербекқызы сравнивается с поэзией Оралхана Бокея. Среди талантливой молодежи, пришедшей в казахскую поэзию в 90-х годах, Жанат выделяется тем, что она поэт с ярко выраженным уникальным, своеобразным почерком. Автор статьи раскрывает символические и лирические образы в стихотворениях поэтессы. Помимо лирических строф, анализируются и раскрываются на конкретных примерах патриотические мотивы. Также приводятся доказательства, что в стихотворениях часто встречаются элементы мифологии и фольклора.

Автор целенаправленно изучил новизну поэзии Жанат Аскербекқызы и при необходимости использовал при написании статьи исследования ученых в области литературной критики. Изучены национальный стиль, художественное мастерство, эстетический вкус поэта, выявлен его почерк. Анализируется и объясняется умение поэта отстаивать этнокультурные ценности, раскрывать национальные традиции и тем самым вносить свой вклад в казахскую поэзию.

Ключевые слова: поэзия, романс, лирика, метафора, фольклор, образ, художественная традиция, мифология.

References

1. Askerbekkyzy Zh. Karakoz – bulak [Karakoz – stream] (Elorda, Astana, 2001, 184 p.). [in Kazakh]
2. Askerbekkyzy Zh. Kantardagy kyzyl gul [Red flower in January] (Elorda, Astana, 2001, 76 p.). [in Kazakh]
3. Negimov S. Shygarmalary. I tom [Works of art. Vol. I] (Foliant, Astana, 2015. 424 p.). [in Kazakh]
4. Borev Yu. Estetika [Aesthetics] («Ulttyk audarma biurosy» kogamdyk kory, Almaty, 2020, 408 p.). [in Kazakh]
5. Ongarsynova F. Gashyk sezim. [Feeling in love] (Foliant, Astana, 2013, 224 p.). [in Kazakh]
6. Salykbaeva G. Aspandagy ansarym [My wishes are in the sky] (Zhazushy, Almaty, 2001, 16 p.). [in Kazakh]

Автор жайлы мәлімет:

Қурмамбаева Карлығаш – филология ғылымдарының доценті, қазақ тілі мен әдебиетінің оқу кафедрасының доцент м.а., Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан.

Kurmbayeva Karlygash – Associate Professor of Philological Sciences, Acting associate professor of the Department of Kazakh language and literature, Shakarim University of Semey, Semey, Kazakhstan.

Б.Т. Нұриманов

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан
(E-mail: bekarysnuriman@gmail.com)

Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» шығармасын құрылымдық талдау

Аңдатпа. Мақалада Қарахандар дәуірі әдеби жәдігерлерінің бірі, 1069 жылы жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі талданады. Аталған туындыны тануда орын алып жатқан кейбір қателіктер көрсетіліп, оны қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы саласында жаңаша зерделеу қажет екенін мәселе етіп көтереді. Зерттеуде Р.Р. Арат жасаған «Құтадғу біліктің» толық нұсқасы негізге алынады. Толық мәтін беске бөліп қарастырылып, әр бөлімі жеке-жеке талданады. Нәтижесінде, қай мәтіннің Жүсіп Баласағұнға тиесілі немесе тиесілі емес екені анықталады және әр бөлім жалпы кітаптың қанша пайызын құрайтыны нақты сандармен беріледі. Талдау нәтижелері Р.Р. Арат, Р. Данкоф, А. Ділашар, Ә. Құрышжанов, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, А. Егеубаев сынды әлемдік және отандық ғалымдардың тұжырымдарымен дәйектеледі. Көркем шығармаға жасалған құрылымдық талдау ондағы басты идеяны, Жүсіптің айтып ойын көрсетуге негіз болады. Зерттеуде алынған нәтижелер «Құтадғу білікті» тануда маңызды.

Түйін сөздер: Құтадғу білік, Ж. Баласағұн, құрылымдық талдау, алғы сөз, көркем шығарма.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-134-1-44-51>

Түсті: 27.11.20 / Қайта түзетілді: 26.12.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 18.03.21

Кіріспе. Қарахандар дәуірінде 1069 жылы жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі бүгінге дейін әр қырынан зерттеліп келе жатыр. Ғалымдар оны тілдік, мәтіндік тұрғыда және тарих, әдебиеттану, мәдениеттану, саясаттану салаларында жан-жақты қарастыруда. Бүгінде қазақ әдебиеттану ғылымы саласында «Құтадғу білікті» тану мәселесі тереңірек зерттеуді қажет етеді. Себебі «Құтадғу білік» атты кітапта Жүсіптің шығармасынан бөлек, оны оқыған кісілер тарапынан жазылған пікірлер бар. Кей зерттеушілер оны да Жүсіптің сөзі ретінде көрсетеді. Алайда, бұл жаңсақ пікір өз кезегінде Баласағұн еңбегін тануда кедергілер тудыруда. Сондықтан бұл мақалада кітапта жазылған мәтіндер са-

раланып, ондағы көркем шығарма құрылымдық әдіспен талданады. Қазақ ғалымдарынан бұған дейін Ә. Құрышжанов, Қ. Өмірәлиев, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, А. Егеубаев сынды бірқатар зерттеушілер шығарманы құрылымдық тұрғыда саралап, оқиға желісін сипаттап өтті.

Баласағұн еңбегін құрылымдық және мәтіндік тұрғыда зерттеуге елеулі үлес қосқан әлемдік ғалымдардың бірі – Р.Р. Арат. Ол «Құтадғу біліктің» Герат, Мысыр және Ферғана деп аталатын үш қолжазбасын түпнұсқадан оқып, мәтіндерін салыстырады. Едишн критик (Edition Critic) әдісі бойынша яғни, бір нұсқасындағы жоғалған мәтіндердің орнын келесі нұсқадағы мәтіндермен толықтырып,

шығарманың толық мәтінін түзіп шығады. Онда 38 қатардан тұратын қара сөз, 77 бәйіт, кітаптың мазмұны және 6645 бәйіттік шығарма бар.

Зерттеу әдістері. Бұл зерттеуде «Құтадғу біліктегі» қара сөз және өлең түріндегі мәтіндер бес бөлімге бөлініп талданып, әр бөлім кітаптағы мәтіннің қанша пайызын құрайтыны көрсетіледі. Ол шетелдік және отандық ғалымдардың пікірімен дәйектеледі. Сонымен қатар, көркем шығармадағы автордың айтпақ ойы, негізгі идеясы зерделенеді.

Ғалым Р.Р. Арат түзіп шыққан толық мәтін бүгінде әлемдік ғылымда кеңінен қолданылады. Соны негізге алып қарағанда, кітаптың өзін бес бөлімге бөліп қарастыруға болады.

«Құтағу білікті» жоғарыда 1-кестеде көрсетілгендей бөліп қарау Ж. Баласағұн еңбегін тануда маңызды болып отыр. Себебі кітапта Ж. Баласағұнға тиесілі емес мәтін бар. Сонымен қатар, Жүсіпке тиесілі болса да, көркем шығарма мазмұнына кірмейтін мәтін кездеседі. Сондықтан оларды жеке-жеке қарастыру қажет.

Талқылау. Кітаптың алғашқы беттерінде қара сөз және өлең түрінде жазылған мәтіндер кездеседі. Оны алғы сөзге жатқызуға болады. Мұндағы назар аударатын мәселе, ол – Жүсіптің сөзі емес, басқа кісілердің Жүсіп туралы пікірі мен оның шығармасына берген сипаттамасы екені. Себебі онда кітаптың Шын, Машын, Иран және Шығыс елдеріне

Кесте 1

	Атауы	Көлемі	Мазмұны
1	Алғы сөз	Қара сөз 38 қатар Өлең 77 бәйіт	Ж. Баласағұн туралы пікір мен «Құтадғу білікке» сипаттама
2	Мазмұны	85 бап	Баптардың (бөлімдердің) тізімі
3	Кіріспе	1-397 бәйіттер	Әртүрлі тақырыпты қамтиды
4	Көркем шығарма	398-6520 бәйіттер	Көркем шығарма
5	Қорытынды	6521-6645 бәйіттер	Жүсіптің ішкі толғанысы

таралғаны және оған әр елдің әртүрлі атау бергені жазылады [1, 54 б.]. Шығарма дүниеге келген бойда айшылық алыс жердегі өзге елдердің дереу оған ат қоюы мүмкін емес. Ол атаулар кітап әлемге таралған соң оны оқыған кісілер тарапынан берілді. Демек, қолда бар үш қолжазба да – «Құтадғу біліктің» кейін жасалған көшірмелері.

Қара сөз түріндегі мәтін 38 қатар болса, одан кейінгі өлең 77 бәйіт. Қара сөзден тұратын алғы сөз «Құтадғу біліктің» үш нұсқасында да кездеседі. Үшеуінде аздаған мәтіндік айырмашылық болғанымен, жалпы мазмұны ұқсас.

77 бәйіттік алғы сөз «Құтадғу біліктің» Каир [2, 2-4 б.] мен Вена [3, 2-4 б.] нұсқаларында ғана бар. Аталған жәдігерді ағылшын тіліне аударған Америка ғалымы Р. Данкофф (Robert Dankoff): «Ферғана нұсқасында 77 бәйіт жоқ» [4, 270 б.] екенін жазады. Түркия ғалымы Р.Р. Арат болса: «пікірді жазған шайыр Қашқар-

лық емес және кейінгі дәуірдің адамы екені аңғарылады» [5, 29 б.] деп, өлең түріндегі алғы сөзге қатысты пікір білдіреді. Келтірілген пікірлерге сүйене отырып, кітаптың алғы сөзі Жүсіп Баласағұнның сөзі емес деп нақты тұжырымдауға болады. Сол себепті, «Құтадғу білікті» толық тану үшін алғы сөзден гөрі шығарманың негізгі композициясын негізге алған дұрыс.

Қара сөз және өлең түрінде жазылған алғы сөздің авторы бір адам ба, әлде екі түрлі кісі ме, ол жағы белгісіз. Қалай болғанда да, алғы сөзде оны жазған адам «Құтадғу білік» атты көркем шығарманы қаншалықты дәрежеде таныта алды деген мәселе туындайды.

Алғы сөздің екеуі де ислам діні қағидасы бойынша әуелі Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтыла келе, дұға-тілекпен жалғасадy. Одан кейін кітаптың құндылығы, оның өзге елдерге таралуы мен әртүрлі ат берілуі жазылады. Билік ұғымы, оның құлау неме-

се ұзақ сақталу себептері де қамтылады. Бұл философиялық пайымдар болса, әрі қарай кітаптың жазылған жері, авторы, сый ретінде қабылдаған билеуші және оның сыйға жасаған қайтарымы туралы деректер береді. Ол сол дәуірден жеткен тарихи мәлімет ретінде құнды. Осы мәтіннен соң 28-35 қатарында көркем шығармаға қысқаша сипаттама жазылады. Мәселе де осы жерден туындап отыр. А. Егеубаевтың аудармасында ол төмендегідей беріледі:

«Бұл әзіз кітап төрт ұлы ұғым, төрт қымбат қасиеттердің сұхбатынан құрылған: бірі – Әділ (Әділет), екіншісі – Дәулет (Бақыт, құт), үшіншісі – Ақыл, төртіншісі – Қанағат. Олардың әрқайсысына жеке-жеке түрліше ат берген. Әділетке «Күнтуды Елік» атын беріп, хан орнына қойған; Дәулетке «Айтолды» деген ат беріп, уәзір орнына қойған; Ақылға «Өгдүлміш» атын беріп, уәзірдің ұлына балаған; Қанағатқа «Одғұрмыш» атын беріп, уәзірдің туыс, ағасы деп санаған. Ғұлама өз пікірлерін ой толғаныстарын солардың арасындағы пікірлесу, сауал-жауап сөздер арқылы әңгімелеп, желілеп жеткізген» [1, 54-55 б.].

Өлең түрінде жазылған алғы сөздің 64-72 аралығындағы бәйітте де осы мазмұндағы пікір айтылады.

«Баяндар һәм кітап мәнін тізімдеп,
Төрт керемет қасиеттен түзілген:
Бірі оның шындық жолы – ӘДІЛЕТ,
Екіншісі – құт пен ырыс, ДӘУЛЕТ.
Үшіншісі – АҚЫЛ менен парасат,
Төртіншісі – ұстамдылық, ҚАНАҒАТ.
Әрбіріне басқа-басқа ат тағып,
Баяндайды қалатындай жатталып.
Әділдікті КҮНТУДЫ ЕЛІК атапты,
Өздеріне соны әмірші жасапты.
Ал дәулетті АЙТОЛДЫ деп санаған,
Уәзірлік орынды оған балаған.
ӨГДҮЛМІШ деп ат қойыпты ақылға,
Жалғыз ұлы ол уәзірдің қасында...
ОДҒҰРМЫШ деп аталыпты қанағат,
Уәзірге дейді жақын, жұрағат.
Бұл төрт нәрсе хиқыматын, сырларын,
Хатқа тізген, көрсең кітап жырларын»
[1, 60 б.].

Жоғарыда көрсетілген екі алғы сөз бен көркем туындыны салыстырғанда арасында алшақтық бар екені байқалады. Яғни, шығарма әділет, дәулет, ақыл және қанағат деген төрт қасиет арасында емес, бойында осындай сипаты бар төрт кейіпкердің арасында өрбиді. Мысалы, шығармадағы Күнтуды Еліг – Қарахан мемлекетінің билеушісі Бұғра ханның прототипі. Оның шығарманың бас жағында әділ сипатымен танылатыны, әділдіктің символы ретінде көрінетіні рас. Алайда, тұтас туындыда олай емес, басқа да сипатымен көрінеді. Келесі кейіпкер ханның Бас уәзірі – Айтолды. Ол ханға аз уақыт қызмет етіп, дүниеден өтеді. Сол себепті ол өзін қонып, қайта ұшқан бақ-дәулетке теңейді. Үшінші кейіпкер Өгдүлміш – Айтолдының ұлы. Әкесі қайтқан соң орнына Бас уәзір болған ол – ақылды кейіпкер. Алайда, күрделі де, тартысты шығарма желісінде оның бейнесі басқа да қырымен көрінеді. Төртінші кейіпкер – Өгдүлміштің туысы Одғұрмыш болса, дүниені тәрк етіп, тауда жалғыз өзі құлшылықпен өмір сүруге бекінген кісі. Ол шығармада қанағат сипатымен емес, туыстан, ұрпақтан, қоғамнан, тіпті, өмірден безген кейіпкердің бейнесінде беріледі. Шығармада бұл төртеуінен басқа да бірнеше кейіпкер бар. Барлығының арасында сұхбат қана емес, тартысқа, шиеленіске, психологиялық күйзелістерге толы сюжеттер бар. Демек, айырмашылықтың бары анық байқалады. Сол себептен болар, өлең түрінде жазылған алғы сөз жайында ғалым Р.Р. Арат: «Құтадғу біліктің жанрына ерекше мән берген шайыр шығарманың негізгі мағынасын түсіндіре алмаса да, қабілетті өнерпаз екенін көреміз» [5, 28 б.], - деп қорытынды жасайды.

Алғы сөзде жазылған деректерді саралай келе оны жазған адам «Құтадғу білікті» өз түсінігені бойынша, әрі біржақты танытқаны белгілі болды. Мәселенің туындауы да, кей зерттеушілердің «Құтадғу білікті» және Жүсіптің көзқарасын осы алғы сөзде айтылған пікірге сүйеніп түсіндіруінен. Мысалы, Г. Құрманғали есімді зерттеуші Жүсіптің пікірі ретінде алғы сөздегі «Бісмилләхи-р-рахмани-р-рахим! Әзиз, уә, күллі ұлылықтың иесі, жер мен көкті жаратқан, тірі жанның бәріне

ризык берген құдіреті күшті тәңірге ырзамыз. Әрі ол атақ-даңққа бөлене берсін!» деген мәтінді қолдана отырып, «шығарманың өн бойында Жаратқанға жалбарынып, оған шүкірлігін айтып отырады. Әр сөзін Алланың атымен бастап, құдіретіне бас иеді» [6, 38 б.] - деп түсіндіреді. Мұндай олқылықтар қазақ зерттеушілері арасында көптеп кездеседі. Алайда, ол пайдаланған мәтін – Жүсіптің емес, белгісіз автордың алғы сөзі. Әлем ғалымдары оны Жүсіптің сөзі емес, әрі шығарманы толық түсіндіре алмаған деп бағалайтыны белгілі. Олай болса, кейбір зерттеулерде айтылған пікірлердің жаңсақ екені анық. Сондықтан «Құтадғу білікті» тану үшін көркем шығарманың өзіне сүйену маңызды.

Мазмұны. Кітапта алғы сөзден соң шығарманың мазмұны берілген. Үш нұсқаның мазмұнында мәтіндік тұрғыда айырмашылық жетерлік.

Мазмұн бөлігінен кейінгі мәтіндер яғни, Р.Р. Араттың нөмірлеуі бойынша 1-6645 аралығындағы бәйіттер – Жүсіптің қаламынан туған төл туындысы. Оның өзі жоғарыда кіріспе, көркем шығарма және қорытынды деп алынды. Оның өзіндік себебі бар.

Кіріспе. Мазмұннан соң кітаптың *кіріспесі* басталады. Ол 1-11 бап арасындағы 397 бәйіттен тұрады. Бұл бәйіттер Ж. Баласағұнның өз сөзі екеніне еш талас жоқ. Онда автор діни мәтіндерден бастап әртүрлі тақырыпты қозғайды. 1-33 бәйіттерді қамтитын бірінші бапта Алла-Тағаланы сипаттап, оған мақтау мадақтар айтады және мінәжат үлгісінде жыр арнайды. Әрбір сөзді немесе әрбір істі Аллаға сиынып бастау – ислам дінінің әдеп-қағида-сында қалыптасқан үрдіс.

Сөз басында Тәңірді еске алу көне түрік халықтарында да кездесетін құбылыс. Мысалы, «Күлтегін жазба ескерткіші» де әуелі Тәңіріні еске алып, оны дәріптеу сөздермен басталады. «Үсте көк Тәңірі, аста (төменде) баран жер жаралғанда екеуінің арасында адам баласы жаралған» [7, 173 б.]. Сонда Жүсіп көне түрік дәстүрі мен ислам діні қағидаларын ұштастыра отырып, шығармасын Жаратушының атымен бастады деуге болады.

Автор 34-48 бәйіттер арасындағы екінші бапта Мұхамед пайғамбар туралы жырлай-

ды. Қысқаша өмірбаянын, пайғамбар ретіндегі миссиясын, бойындағы қадір-қасиеті айтады. Соңында, қияметте онымен бірге болуды Алладан тілейді. Үшінші бапта Мұхаммед пайғамардың Әбубәкір, Омар, Осман және Әли атты төрт досын жырлайды. Аталған үш баптан сол кездегі түрік халықтарының діни наным-сенімі мен Алла туралы танымы байқалады. Дін саласындағы қалыптасқан терминдер де осы бапта қолданылған.

Төртінші бапта, яғни 63-123 арасындағы бәйіттерде Қарахан мемлекетінің сол кездегі билеушісі Бұғра хан жайлы баяндайды. Шайыр ханның қадірін, оның елге жасаған жақсылығын, ұстанған саясатын, әлем алдындағы беделін жырлайды. Осы бәйіттерді жазуда Жүсіп өзінің ақындық қуатын ерекше байқатады. Өз заманының келбетін бейнелеудегі суреткерлігі, ханның образын жырмен сомдаудағы шеберлігі айрықша көрінеді. Сөзінің соңында ізгі ниетін білдіріп, ақжарқын тілегімен аяқтайды. Мұны Ж. Баласағұнның ханға қарата айтқан арнауы десе болады. Мұндай арнаулар, Қазақ хандығы дәуірінде Шалкиіз, Бұқар сынды жырауларда да жалғасқаны белгілі.

Бесінші бапта астрономиялық білім, қазіргі тілмен айтқанда, он екі ай мен жеті планета туралы сөз болады. Алтыншы бапта адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен өлшенетіні айтылады. Жетінші бап тілдің пайдасы мен зиянына арналады.

Шайырдың әртүрлі тақырыптан сөз қозғуын көне түрік дәуірінен бері қарай жалғасып келе жатқан жыраулық, жыршылық дәстүрдегі терме айту үрдісі деуге болады. Сегізінші бапта Жүсіп өзінің ой-толғаныстарына кезек береді. Ол жыраулардың толғауымен үндеседі. Тоғызыншы бапта ізгілік қылудың пайдалары айтылса, оныншы бапта білім мен ақылдың пайдасы сөз етіледі. Бұл да ақын-жыраулар поэзиясындағы өсиет, насихат жырларымен мағыналас. Түркиялық зерттеуші А. Ділашар: «VI-X баптарда Жүсіп, жалпылай алғанда өзінің өмір туралы көзқарасын тұжырымдап мына үш мәселеге тоқталады: білім, тіл және ізгілік» [8, 82 б.], - деп түсіндіреді. Он бірінші бапта Жүсіп Баласағұн өз жағдайын,

кітапқа не үшін «Құтадғу білік» деп ат қойғанын және өзінің оны жазудағы мақсатын баяндайды.

Кіріспедегі аталған он бір бапта ежелден келе жатқан жыраулық дәстүр сақталған. «Күлтегін жазба ескерткіштерінде» ең бірінші «Көкте Тәңрі» деп басталса, мұнда сол көне түрік пен ислам діні негізге алынады. Демек, әрбір шығарманы Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтып бастап, адамды ізгілікке тәрбиелеу үшін насихат айту – сол кездегі кең жайылған дәстүр. Мысалы, жыраулар мен жыршылар дастан жырламас бұрын әуелі тыңдаушының назарын өзіне аударып, сосын шабыт шақыру үшін әуелі жыр бастау, терме, өсиет, толғау, арнау үлгісінде бірнеше туындылар орындайды. «Құтадғу білік» жазба әдебиет болса да, Жүсіп шайыр ауыз әдебиеттегі тәсілді ұтымды қолданады. Демек, мұндағы діни мәтіндер мен әртүрлі тақырыпты жырлаған бәйіттер – кітаптың кіріспесі, сондықтан оны шығарманың негізгі композициясына кірмейді деп тұжырымдауға болады. Сондықтан кіріспеді көтерілген тақырыптарды саралағанда «Құтадғу білікті» тану үшін көркем шығарманың өзіне назар аударудың маңызы арта түседі.

Көркем шығарма. Ж. Баласағұнның «Құтадғу білік» атты туындысының композициясы 12-ден басталып, 85-тен аяқталатын 75 бапты қамтиды. Мемлекет, билік тақырыбын көтерген бас-аяғы 6122 бәйітті құрайтын көркем шығарма жалпы кітаптың 91%-ын құрайды. Ол әлемдік ғалымдар тарапынан мойындалған. Мысалы, түрік зерттеушісі А. Ділашар: «XII-баппен (398 бәйітпен) «Құтадғу біліктің» негізгі хикаясы басталады» [8, 91 б.], - деп көрсетеді. Осы тұжырымды негізге алып қарағанда тұтас шығарманың композициясын екі бөлімге бөліп қарауға болады.

1. Күнтуды мен Айтолды кезеңі. Оған «Сөз басы – Күнтуды Еліктің өзі» деген 12-баптан басталып, «Айтолдының Күнтуды Елікке аманат, өсиет жазып қалдырғаны жайлы айтылады» деген 23-бапқа дейінгі аралық кіреді.

2. Күнтуды мен Өгдүлміш кезеңі. Ол «Күнтуды Еліктің Өгдүлмішті шақырғаны туралы айтылады» деген 24-бап пен «Еліктің Өгдүл-

мішке көңіл айтып жұбатуы» деген 85-бапқа дейінгі аралықты қамтиды.

Күнтуды мен Айтолды кезеңі. Көркем шығарма Қарахан мемлекетінің билеушісі «Күнтуды Елік» туралы эпизодпен басталады. Онда ханның елдің басқару жүйесін жетілдіріп, халыққа көп жақсылық жасағаны суреттеледі. Сол сәтте ханның әділдігін естіп, оған қызмет етуге асыққан Айтолды бейнесі қосылады. Оның мемлекет қызметіне келуі сол дәуірдегі ахуалды толық ашатын бір сюжет. Әуелі өз ауылынан шығып, арып-ашып жол жүріп, елдің астанасына келеді. Онда бір кеуен сарайға тоқтап, оның иесі Көсемішпен танысады. Айтолдының сөзін тыңдаған Көсеміш, оны ханның Бас уәзірімен кездестіреді. Нәтижесінде Күнтуды Айтолдыны қабылдайды, кейін өзінің Бас уәзірі етіп тағайындайды. Алғашқы шиеленіс те осы жерде басталады. Қызметке жаңа келген Айтолды Күнтудыға «мен сенен артықпын» деп, өзін мемлекеттің «бақ-дәулетіне» балайды. Оған ашуланған хан тез арада Айтолдыны сабасына түсіреді және өзінің әділетті екенін көрсетеді. Одан әрі екеуі мемлекетке әділ заң орнату, әділдікпен басқару мәселесін талқылап, басқару жүйесін жетілдіреді. Кенет күтпеген жерден екінші шиеленіс орын алады, яғни Айтолды өмірден өтеді. Кетерінде ұлы Өгдүлмішке өсиет айтады және Күнтудыға хат жазып қалдырады. Осы оқиға арқылы шиеленіс шарықтау шегіне жетеді.

Күнтуды мен Өгдүлміш кезеңі. Екінші бөлім мемлекет басшысы Күнтудының Өгдүлмішті сарайға шақыртуы және оны Бас уәзір етіп тағайындау оқиғасымен басталады. Одан кейін екеуі мәңгілік ел болудың мәселесін ақылдасып, мемлекеттің идеологиясын, басқару жүйесін және кадр дайындау саясатын талқылайды. Осы жерде 28-ден 38-ге дейінгі баптарда бектер, уәзірлер, бас уәзір, сарай әміршісі, елші, әскербасы, жылнамашы, қазынашы секілді көптеген лауазым иелері қандай болу керектігіне тоқталады. Оларға қойылатын талаптар мен жүктелетін міндеттер толық баяндайды. Ұзаққа созылған осы сұхбатты зерделей келе, ғалым А. Қыраубаева: «Ақын, әрі ойшылдың «Құтты білігі» – тұтастай кемел

мемлекеттің құрылымы» - деп бағалайды [9, 96 б.].

Көркем шығармада ханның мемлекет ісін атқаратын қызметкер іздеп, ел ішіне сұрау салғаны айтылады. Әрі қарай туындыға Одғұрмыш бейнесінің қосылуы екінші бөлім сюжетінің алғашқы шиеленісін тудырады. Зерттеуші Н. Келімбетов: «Одғұрмыш – бұл өмірдің бар қызығынан безіп, тәркі дүние жолына түскен дәруіш болып, тау кезіп кеткен адам» [10, 245 б.] - деп түсіндіреді. Одғұрмыш – мемлекетке қызмет етуге ақыл-парасаты, білім-қабілеті жете тұрса да, мемлекет, отан, ұрпақтың болашағы деген мәселеден бас тартқан, өмір сүруден баз кешкен кейіпкер, яғни анти-қаһарман. Оны осы жолдан қайтару үшін Күнтуды мен Өгдүлміш үш мәрте шақырады. Алғашқы шақыруында Өгдүлміш Одғұрмышқа елден безудің ислам дініне қайшы екенін түсіндіреді. Мақсатын құлшылық қылып, сауап жинау болса, елмен бірге намаз оқып, ораза ұстауға үндейді. Сондай-ақ, үйленіп бала-шағалы болуға және қолына қару алып отанын қорғауға шақырады. Алайда, оған Одғұрмыш көнбейді. Екінші мәрте шақыруында Өгдүлміш Одғұрмышқа мемлекетке және билік өкілі ретінде халыққа қызмет етудің заңдылығын және мемлекет қызмекерінің этикасын баяндайды. Сонымен қатар, қоғаммен байланыстың қыр-сырын, ұрпақ тәрбиелеп, елге жақсылық жасаудың тәркі дүниеліктен артық екенін түсіндіреді. Алайда, Өгдүлміш пікірінен қайтпай, тартыс одан әрі күшейе түседі. Үшінші шақыртудан соң Одғұрмыш елге түнделетіп келіп, Күнтуды Елігпен кездеседі. Түнделетіп келуінің себебі – басқа адаммен кездесіп қалмау. Осы жерде шиеленіс күрделене түседі. Өйткені сұхбаттан соң Күнтуды мемлекет билігін тастап, Одғұрмыш секілді тәркі дүние болуға шешім қабылдайды. Оны Бас уәзір райынан қайтарады. Көркем шығармада бірінен кейін бірі туып отыратын күрделі сюжеттер туралы ғалым А. Егеубаев былай дейді: «Бірқатар бәйіттерде, кітап ішіндегі тарауларда, кітаптың тұтас бітімінде осы өз ішінен тұйықталып отыратын сюжеттік заңдылық (оқиғаның, ой-

дың басталуы // дамып, өрбуі // айтпақ түйін, тиянағы...) басым» [11, 18 б.].

Шығарманың жалғасында Күнтуды мен Өгдүлміш ел барқарудың заңдылығы, мемлекет басшысы мен халық арасындағы қарым-қатынас, саяси ұстанымдар туралы талқылайды. Көп ұзамай Өгдүлміш те Одғұрмыш секілді дүниені тәрк етуді таңдайды. Ол кезде оны алған бетінен Күнтуды қайтарады. Осы кезде шиеленіс шарықтау шегіне жетіп, тағы да күтпеген оқиға болады. Хан мен Бас уәзірдің үгіттеуіне, шақыртуына мойын бұрмаған Одғұрмыш соңында діни ұстанымының кесірінен дүниемен қош айтысады. Ал, мемлекет пен оның халқы әрі қарай бақытты, баянды өмір сүре береді. Көркем шығарма осылай аяқталады.

Қорытынды. Кітапта көркем шығарма аяқталған соң үш тақырыпшадан тұратын, шұбыртпалы ұйқаспен өрілген толғау жазылған. Көркем шығарманың негізгі композициясына кірмейтін ол мәтін 6521-6645 аралығындағы бәйіттерді қамтиды. Ол кітаптағы жалпы мәтіннің 2%-ы. Онда босқа өткен жігіттік шағына ашынғаны, қариялық жайындағы толғамы және заманның бұзылғаны туралы алаңдаушылығы сөз болады. Соңында өзі туралы да жырға қосады. Басқаша айтқанда, ол үлкен еңбектен кейінгі Жүсіптің ішкі толғанысы, өмірден түйгені, философиялық пайымы.

Нәтижелер. Талдау нәтижесі көрсеткендей Ж. Баласағұнның кітабында жазылған мәтіндер беске бөліп қарастырылды. Бұлай зерттеу «Құтадғу білікті» дұрыс тану үшін маңызды болып отыр. Яғни, туындыны алғы сөзге, кіріспеге және қорытындыға қарап емес, көркем шығарманың өзіне сүйеніп зерттеу керек екені дәлелденді. Алғы сөз кітаптағы мәтіннің 1%-ын құрайтыны, оның авторы Жүсіп емес екені анықталды. Мәтіннің 6%-ын құрайтын кіріспеге әртүрлі тақырыптың қозғалуы және 2% болатын қорытындыда толғау жырдың жазылуы – жыраулық дәстүрдің көрінісі. Ал, кітаптың негізгі бөлігін, нақтырақ айтқанда 91%-ын құрайтын көркем шығарма билік тақырыбын арқау етеді.

Қорытынды. Мақалада Жүсіп Баласағұнның кітабы құрылымдық әдіспен талданды. Автор мәңгілік ел болуды шиеленіске, психологиялық күйзеліске толы сюжеттер мен эпизодтар арқылы жеткізеді. Сондықтан мақалада көркем шығарма екі бөлімге бөліп талданды.

Күнтуды мен Айтолды кезеңінде автор оқырманға мына үш мәселені жеткізуге тырысқаны байқалады. Біріншіден, елде әділ заң мен әділетті басшының бар екені. Екіншіден, мемлекеттің жоғары лауазымына ақыл, парасат, білім, қабілет, адалдық секілді жақсы қасиетті бойына сіңірген, руының алдында беделі жоғары кісілердің жетуіне болатыны. Осы жерде, түрік халықтарында таптық бөлінудің болмағаны айқын аңғарылады. Үшіншіден, мемлекет қызметіне кіріскен кісіге таққа таласудан, билік өкілдері арасындағы күрестен абай болуды өсиет еткені. Сондықтан ел бірлігінің маңызын жеткізеді.

Күнтуды мен Өгдүлміш кезеңінде де Жүсіптің тағы үш мәселені айтқысы келгені аңғарылады. Біріншісі, мемлекет қызметкеріне қойылатын талаптарды айта келе, Қарахан мемлекетінің құрылымын, басқару жүйесін көрсетеді. Бұл жерде де таптық бөліну емес, әділдікке негізделген ізгілікті басқарудың

болғаны, мемлекет қызметкерінің этикасы мен кадр саясатының жетілгені байқалады. Ел басқаруда өзіне дейінгі сақ, ғұн, көк түрік мәдениетін негізге алады, елдің бірлігін басты орынға қояды. Екіншісі, Одғұрмыштың бейнесі арқылы тәркі дүниелік діни көзқарастың адам, қоғам және мемлекет үшін қауіпті екенін көрсетеді. Анығында, Одғұрмыш – сол кездегі қоғамдағы кейбір кісілердің жиынтық образы. Яғни автор, ат үстінен түспеген жауынгер түрік халықтарын әлсіретіп, мемлекетін, ұрпағын, елінің келешігін ойламайтын қоғамға айналдыру үшін сыртқы күштердің жасаған идеологиялық соққысы екенін жеткізеді. Оның соншалықты өзекті болғаны сондай, бұл мәселені мемлекеттік деңгейде тоқтауға күш салады. Күнтуды мен Өгдүлміштің сол жолға кете жаздауы – ол идеологияның аса қауіпті екенінің белгісі. Үшіншісі, осы шиеленістер барысында Қарахан мемлекеті халқының мәдениеті, ахуалы және билік пен халық арасындағы байланыс суреттеледі. Шығарманың соңында Одғұрмыштың дүниеден өтуі және Күнтуды мен Өгдүлміштің мемлекетті нығайтып, әрі қарай жақсы өмір сүруі – ол мәселенің шешілгенін көрсетеді. Жүсіптің көркемдік шешімі де осы.

Әдебиеттер

1. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік / ауд.: А.Қ. Егеубаев. Т. 5. – Алматы: Таймас, 2007. – 536 б.
2. Yusuf Has Hacıb. Kutadgu Bilig: faksimile. Kahire nüshası. – Ankara: TDK, 2015. – 213 p.
3. Yusuf Has Hacıb. Kutadgu Bilig: faksimile. Viyana nüshası. – Ankara: TDK, 2015. – 118 p.
4. Dankoff R. Kutadgu Bilig'in Metin Sorunları / çev. E. Uçar // Dil Araştırmaları. – 2015. – №16. – P. 269-286.
5. Arat R.R. Kutadgu Bilig. – Т. 1. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 1979. – 656 p.
6. Құрманғали Г. Құранның ортағасырлық әдеби жәдігерлерге ықпалы // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – №3(132). – 36-43 б.
7. Сартқожа Қ. Орхон мұралары. 1-кітап. – Астана: Күлтегін, 2003. – 392 б.
8. Dilaçar A. Kutadgu Bilig İncelemesi. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2016. – 209 p.
9. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. 5-том. – Алматы: Өнер, 2008. – 216 б.
10. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.
11. Егеубаев А. Түркі әлемінің ұлы мұрасы. // Әдеби жәдігерлер. 20 том. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік. – Алматы: Таймас, 2007. – 152 б.

B.T. Nurimanov

South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

Structural analysis of the work of Zhusup Balasagun «Kutadgu Bilig»

Abstract. The article analyses Zhusup Balasagun's work «Kutadgu bilik» written in 1069, one of the literary masterpieces of the Karakhanid era. It indicates some errors in the recognition of this work, raises the question

of the need to study it in a new way in the field of modern Kazakh literary science. The study is based on the full version of «Kutadgu Bilig» developed by R.R.Arat. The full text is divided into five sections, each section is analyzed separately. This determines which text does or does not belong to Yusuf Balasaghuni and what percentage of the total book each chapter represents. The results of the analysis are confirmed by the conclusions of world and domestic scientists, such as R. R. Arat, R. Dankof, A. Dilashar, A. Kuryshzhanov, N. Kelimbetov, A. Kyraubaeva, A. Egeubaev. The structural analysis of the work of art serves as the basis for the implementation of the main idea, the Zhusup's idea. The results obtained in the study are important for the recognition of «Kutadgu Bilig» work.

Keywords: Kutadgu Bilig, J. Balasagun, structural analysis, introduction, a work of art.

Б.Т. Нұримапов

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

Структурный анализ произведения Жусуп Баласагуна «Кутадгу билик»

Аннотация. В статье анализируется произведение Жусупа Баласагуни «Кутадгу билик» – один из литературных шедевров эпохи Караханидов написанный в 1069 году. В работе приведены некоторые ошибки, произведенные при изучении этого произведения, что ставит вопрос о необходимости нового исследования в области современной казахской литературной критики. В основе исследования лежит полная версия книги «Кутадгу билик» Р.Р. Арата. Полный текст разделен на пять разделов, каждый из которых анализируется отдельно. В результате определяется, какой текст принадлежит или не принадлежит Жусупу Баласагуни, какой процент от общей книги составляет каждая глава. Результаты анализа подтверждены выводами зарубежных и отечественных ученых, таких как Р.Р. Арат, Р. Данкоф, А. Дилашар, А. Курышжанов, Н. Келимбетов, А. Кыраубаева, А. Егеубаев. Структурный анализ произведения искусства – основа для раскрытия основной идеи Юсуфа. Результаты исследования важны для исследования «Кутадгу билик».

Ключевые слова. «Кутадгу билик», Ж. Баласагуни, структурный анализ, предисловие, художественное произведение.

References

1. Zhusip Balasagun. Kutty bilik [Gracious knowledge] / Translate in Turkish: A. Egeubayev. Vol. 5. (Olke, Almaty, 2006, 640 p.). [in Kazakh]
2. Yusuf Has Hacib. Kutadgu Bilig: faksimile. Kahire nüshası. (TDK, Ankara, 2015, 213 p.).
3. Yusuf Has Hacib. Kutadgu Bilig: faksimile. Viyana nüshası. (TDK, Ankara, 2015, 118 p.).
4. Dankoff R. Kutadgu Bilig'in Metin Sorunları / çev. E. Uçar, Dil Araştırmaları, №16, 269-286(2015).
5. Arat R.R. Kutadgu Bilig. T. 1. (Türk Dil Kurumu, Ankara, 1979, 656 p.).
6. Kurmangali G. Kurannyn ortagasyrlyk adebi zhadigerlerge ikpaly [The influence of the Koran on medieval literary artifacts], L.N. Gumilev atyndagy EEU Habarshysy. Filologiya seryasy [Bulletin of L.N.Gumilyov ENU. Philology series], 132(3), 36-43(2020). [in Kazakh]
7. Sartkozha K. Orhon muralary [Orkhon heritage]. (Kultegin, Astana, 2003, 392 p.). [in Kazakh]
8. Dilaçar A. Kutadgu Bilig İncelemesi. (Türk Dil Kurumu, Ankara, 2016, 209 p.).
9. Kyraubayeva A. Ezhelgi adebyet [Ancient literature]. (Oner, Almaty, 2008, 216 p.). [in Kazakh]
10. Kelimbetov N. Ezhelgi dauir adebyeti (Kazak adebyeti bastaulary) [Ancient literature (The beginnings of Kazakh literature)] (Atamura, Almaty, 2005, 336 p.). [in Kazakh]
11. Egeubayev A. Turki aleminin uly murasy [The great heritage of the Turkic world], Adebı zhadigerler [Literary artifacts]: Zhusip Balasagun. Kutty bilik / aud.: A.K. Egeubayev [Translate in Turkish: A.K.Egeubayev]. (Taimas, Almaty, 2007, 152 p.). [in Kazakh]

Автор жайлы мәлімет:

Нұримапов Бекарыс – PhD, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

Nurimanov Bekarys – Ph.D., Senior lecturer of the Department of Kazakh language and Literature, South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan.

Мәтіндегі ретроспекцияның көріну тәсілдері

Аңдатпа. Мақалада мәтін ішіндегі ретроспекция амалының қолданылу сипаты мен оның көріну жолдары баяндалды. Ретроспекция амалына қатысты әдебиеттанудағы, тіл біліміндегі зерттеулерге шолу жасалды. Аталған көркемдік тәсілдің мәтін ішіндегі орны, композициялық-құрылымдық сипаты қарастырылады. Сонымен қатар, ақындар шығармаларына шолу жасалып, қазақ поэзиясындағы ретроспекцияның берілу жолдарына назар аударылды. Әр қаламгердің шығармашылығындағы ретроспекция құбылысының берілу ерекшеліктері сараланды. Зерттеушілер пікірін саралай келе, ретроспекция ұғымына түсініктеме берілді. Жалпы ғылымда және әдебиеттанудағы ретроспекция құбылысының алатын орны ескерілді. Әдебиеттану тұрғысынан мысалдар арқылы талдаулар жасалып, қазақ әдебиетіндегі, оның ішіндегі, қазақ поэзиясында ретроспекция құбылысының рөлі зор екендігі нақтыланды. Ретроспекция құбылысының автор тарапынан оқырманға беретін көркемдікпен қатар эстетикалық мәні бар екені көрсетілді.

Түйін сөздер: мәтін, ретроспекция, хронотоп, дейкисис, анафора.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-134-1-52-57>

Түсті: 26.11.20 / Қайта түзетілді: 25.12.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 18.03.21

Кіріспе. Көркемдік тәсілдердің бірі ретінде ретроспекцияның мәтін құрылымынан алар ерекше орны бар.

Ретроспекция сөзі өткенге көз жүгірту, бағзыны еске түсіру мағынасын береді. Әдеби термин ретінде «бұрын өткен оқиға», «өткенді баяндау құралы» деген ұғымдарда жұмсалады [1, 5 б.].

Ретроспекцияның мәнін түсіндіруде уақыт пен кеңістік ұғымдарын қолданудың маңызы зор. Бұл әдеби-ғылыми терминдер туралы тұжырымдар М.М. Бахтин, Б.А. Успенский, С. Лихачев, Н.Ф. Ржевская сынды ғалымдар өз еңбектерінде қарастырған.

Кез келген көркем шығарма не кез келген мәтін мекендік-мезгілдік белгілері бойынша ұйымдасқан біртұтас кешенді құрайды. Мәтінде баяндалатын оқиға белгілі бір шақта және мекенде өтеді. Мұны ғылымда «хронотоп»

терминімен түсіндіреді. М. Бахтин: «Уақыт белгілі кеңістікте айқындалады және кеңістік уақыт арқылы өлшенеді, түсіндіріледі», - дейді [1, 127 б.]. Демек, мәтінде сөз болатын кеңістіктің басты өлшеуі – уақыт. Көркем шығарма бойында жүзеге асатын іс-әрекет, кейіпкер бейнесінің сомдалуы да хронотоппен тікелей байланысты. Кеңістік пен уақыттың мәтін ішіндегі берілу жолдары мен оларды сипаттаудың түрлі амал-тәсілдері уақыт пен кеңістік ұғымдарынан тысқары жатпайды. Объективті өмірде уақыт ешқашан артқа жылжымайды, ол үнемі алға жүреді, болашаққа бастайды. Ал көркем уақыттың ерекшелігі де осында – оның кейінге «сапар шегіп» не параллель уақыт пен кеңістікте баяндалу мүмкіндігі бар. Мұндай құбылысты «ретроспекция» терминімен түсіндіреміз. Ретроспекция құбылысы мәтін ішінде лингвистиканың да, әдебиеттану ғылы-

мының да зерттеу нысаны болып саналады. Ретроспекция ұғымына ғалым З. Тураева мынадай анықтама береді: «Ретроспекция – уақыт қатарының бұзылуы, сипатталып отырған оқиға реттілігінің араласуы, сюжеттің құрылымдық үйлесімінің бір тәсілі» [2, 23 б.]. Яғни, ретроспекция мәтін ішіндегі уақыттың бейнеленуінің қалыпты жүйеден ауытқуын не кейінге шегініп, не алға жылжыта суреттеуін білдіреді. Мәтін лингвистикасын зерттеуші ғалым И. Гальперин ретроспекцияны «оқырманды алдыңғы мазмұнды ақпаратқа қатысты ететін тілдік өрнек түрі» ретіндегі грамматикалық категория деп қарастырады [3, 106 б.].

Ретроспекция «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» мәтіннің сызықтық өрістеуін тоқтататын және оқырман сол арқылы «уақыт байланысына» енетін мезгілдік континуумның пішіні ретінде түсіндіріледі [4, 342 б.]. Ғалым И. Гальперин ретроспекцияның мына жағдайларда көрінетінін айтады: а) ақпарат мәтінде көрсетілген жағдайда автор не оқырман оған өзі қайта оралады; ә) «мәтін қозғалысы реттілігінен ажырағанда, яғни баяндаудың уақыттық жоспарының қайта құрылуы арқылы» алдыңғы ақпарат бейнеленгенде [3, 106 б.]. Демек, мәтін ішіндегі ретроспекция арнайы тілдік құралдар мен әдеби амалдар арқылы көрініс тауып, оқырман мен автор арасындағы байланысты орнатады. Автор өткен істі, алдыңғы уақытты оқырман жадына түсіре отырып, сол іске не жағдаятқа, кеңістікке қайтадан алып келеді. Демек, кеңістік пен жағдаят уақыттың әсерінен қайта жаңғырады.

Зерттеу әдістері. Көркем мәтіндегі ретроспекция көрінісін қарастыруда талдау, жинақтау, салыстыру амалдары негізге алынды.

Талқылау. Ретроспекция автор тарапынан оқырманға әсер ету үшін мақсатты жасалған іс-әрекеттерден тұрады. Себебі автор оқырманның есіне түсіре отырып, өзінің түпкі ойы мен мақсатын жүзеге асыруға тырысады. Оқырманның жадында сақталған «қажетті ақпараттың» қайта жаңғыруы автордың келесі бір оқиғаға сілтеме жасау мақсатынан да туындайды. И. Гальперин ретроспекция автордың мынадай ойларын жүзеге асыру үшін қолданылатындығын айтады: а) оқырманға

алдыңғы айтылған ақпараттарды есіне түсіру немесе бұрын орын алған және қазіргі уақытта болып жатқан іс-әрекеттің болашағын түсінуге қажетті басқа оқиғаларды бейнелеу үшін; ә) оқырманды бұрынғы ақпараттарды қайтадан ой елегінен өткізіп, жаңа жағдаят пен басқа мәнмәтінде түсіну қажеттілігі үшін; б) мәтіннің жекелеген бөліктерін өзектендіру үшін [3, 106 б.]. Яғни, автор баяндалған ақпараттардың келесі бір суреттелетін оқиғаларға қатысын, оның болашақтағы іс-әрекетке әсерін нақтылау мақсатында оқырманның есіне өткен ақпараттарды салып отырады. Оқырман сол арқылы мәтінде кейін орын алатын оқиғаларды болжай алады. Бұл тұста оқырманның интеллектуалдық деңгейі көрінеді. Алдыңғы мәтінді толық сіңірген оқырман автордың түпкі мақсатынан алдын ала хабардар болып, келесі оқиғалар тізбегіне өзін-өзі дайындайды.

Мәтін ішінде ретроспекцияның объективті-авторлық және субъективті-оқырмандық деп аталатын екі түр әрекет етеді. Объективті-авторлық ретроспекция автор тарапынан арнайы тілдік құралдарды пайдалануы негізінде оқырманға әсер етуі арқылы көрінеді. Ал субъективті-оқырмандық ретроспекция баяндау континуумының жеке шығармашылық қабылдауының нәтижесі болып саналады [3, 107 б.]. Ретроспекция мәтін құрылымында арнайы тілдік бірліктер мен автордың сөз қолданыстары арқылы да, оқырманның өзі анықтап алатын идеялық-мазмұндық тұрғыдан да көрініс табады. Демек, мәтін ішінде ретроспекция имплицитті (жасырын) түрде де, эксплицитті (ашық) түрде де кездесе береді. Ретроспекция баяндау уақытын ауыстыратын қайталау бола алады. Автор өз қалауынша, маңызды деп тапқан кезеңдер мен сәттерге назар аударту үшін мәтін ішінде уақытта тоқтата да, баяулата да, тез қарқында дамыта да алады. Сол арқылы баяндаудың біртұтастығы да мәтіннің нақтылы бөліктерінің арасындағы байланыс та жүзеге асады. Шындығында, кез келген мәтін құрамында ретроспекция орын алады. Алайда, ретроспекция мәтін категориясы ретінде автордың нақтылы мақсатына сай қайталаулар мен «еске түсірулерден» құралады.

Мәтіндегі ретроспекцияның көріну жолдары мен берілу тәсілдері әртүрлі. Ретроспекция түрлі «маркерлер» арқылы мәтін ішінде сипаттала алады. Соның нәтижесінде «көлеңкеде» қалған ақпарат жаңа бір маңызды мәртебеге ие болып, оқырман назарына ілігеді. Мұндай «маркерлердің» тікелей және жанама деп аталатын екі түрі кездеседі. Тікелей амал-тәсілдерге грамматикалық маркерлер (осы шақ, өткен шақ, келер шақ формалары), жекелеген сөздер мен уақытты белгілейтін сөз тіркестері (ертең, кеше, таң сәріде, т.б.) жатады. Жанама амал-тәсілдерге уақытты астарлап жеткізетін тілдік құралдар жатады. Мәселен, естелік, ойлану, қиял, мақсат. т.б. сөздер [5, 87 б.].

«Мәтін лингвистикасында» ретроспекцияның көріну жолдарына қатысты мынадай мәлімет келтірілген: «Ретроспекция түрлі тәсілдермен жүзеге асады, солардың ішінде, қайталау ерекше орын алады. Ретроспекцияның өзі де – баяндау желісін баяулататын ой қайталауы, баяндау барысындағы үзіліс. Ретроспекцияның мәні баяндау барысындағы уақытша үзіліспен қызықтыруында, яғни мәтінге өткендегі, қазіргі, белгілі бір жағдайда келешектегі көзқараспен қарауға мәжбүрлейді» [6, 73 б.]. Демек, ретроспекцияның берілуінде жиі қолданылатын тәсіл – қайталау. Автор жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін қайталау арқылы не болмаса ой қайталауы негізінде де ретроспекция амалын жүзеге асырады. М. Меркулова ретроспекцияның баяндалу тәсілдеріне қарсы мәндес сөздерді (осында – анда, қазір – бұрын, шындық – жалған), уақытты және шақты қарсы қоюды (осы шақ – өткен шақ, келер шақ – өткен шақ), қайталауды, ырғақты жатқызады [7, 84 б.]. И. Гальперин ретроспекцияның баяндалу түрі ретінде дәйексөзді атайды. Ғалым аллюзия мен дәйексөзді салыстыра отырып, аллюзияның қосымша ақпаратты кіріктіруіне байланысты ретроспекцияның берілу тәсілі бола алмайтынын айтады. Ал дәйексөз беруде қосымша ақпарат айтылмайды да, оқырманды белгілі ақпаратқа қатысты келісімін не қарсылығын білдіру мақсаты алға шығады [3, 109 б.]. Демек, ретроспекция амалының жү-

зеге асуы үшін мәтінге алдыңғы мазмұннан артық қосымша ақпараттарды кіріктіру көзделмейді. Керісінше, алдыңғы мазмұн сақтала отырып, оқырман жадына еске түсіруді ғана қамтиды. Ретроспекция амалы баяндауды өткен шақта, осы шақта, белгілі бір дәрежеде келер шақта сипаттауға мүмкіндік береді.

Мәтін байласымын жүзеге асыратын дейксис пен анафораны да ретроспекцияның көріну жолы деп атауымызға болады. Себебі «дейксис» мәтін ішінде белгілі бір сөзге не сөйлемге, тіпті, күрделі синтаксистік тұтастыққа сілтеме жасайды. Демек, алдыңғы айтылған ойға дейксистік құралдар арқылы сілтеме жасау арқылы уақытты кері жылжытуға болады. Ол дегеніміз – белгілі бір тілдік бірлік арқылы оқырманның назарын мәтін ішіндегі нақтылы бөлікке аударту. Демек, оқиғалардың тізбегін оқырманның көз алдына қайта алып келу үшін сілттемелік мәні бар сөзді не сөз тіркесін қолдану жеткілікті. Сол арқылы автордың маңызды деп тапқан оқиғалар тізбегі эксплицитті түрде оқырман жадында қайта жаңғырады. Ал анафораны ғалым З. Тураева «өткенге қайта оралу» деп есептейді. Яғни, бұрынғы айтылған ақпаратқа қайта үңілу анафораны ретроспекцияның берілуінің бір жолы етеді. Мысалы, «олар тағы да ажырасты» десек, мұндағы «тағы» сөзі өткенге сілтеме жасап, кейіпкерлердің өмірінде мұндай жағдайдың алдыңғы мәтінде орын алғандығына меңзейді [2, 28 б.].

Қазақ көркем прозасындағы реминисценциялық-ретроспекциялық тәсіл туралы Ж. Аймұхамбет пен Р. Тұяқбаева мақалаларында: «Ретроспекция тәсілін зерделеу ең әуелі көркем туындыдағы уақыттың қалыптасуының мазмұндық концепциясымен байланысты. Осы тарапта көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына антикалық дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі айтулы романдар алынды. Қазіргі романның алуан типтерінде ретроспекция «сана ағымы», «бір күннің романы», «жаңа роман» түрінде барынша ауқымды көркем диапазонды иеленген концептуалды тәсіл ретінде танылды», - дей келе, бұл тәсілдің тек романға ғана емес, көркем прозаның басқа жанрларына да тән екенін атап көрсетеді [8, 379 б.].

Сондай-ақ, мақала авторлары ретроспекция тәсілінде бағзыда өткен оқиғаны, аңызға айналған тарихи тұлғаларды шығарма тақырыбына арқау ететіндігін, шығарманың оқиғалар өрісінде кейіпкердің, өткен оқиғаны еске түсіруі түрінде көрінетініне тоқталады.

Нәтижелер. Поэзия жанрындағы туындыларда бұл тәсіл өзіндік ерекшелігімен көрінеді. Мысалы, А. Елгезектің «Бастығырылу» өлеңіндегі мына жолдарға назар аударайық:

Ол қара үйде өмір сүріп жатады екен өткенім,

Бауырларым... естерінде елесім де жоқ менің.

Қарғаларға қарап қойып, дән шоқиды аулада

Қалып қойған баяғыда менің көңіл-кептерім... [9, 16 б.].

Ақын «ол қара үй» деп өткен шақтағы, бала шақтағы мекеніне сілтеме жасайды. Бұл жерде «ол» сілтеу мәнді есімдігі дейксис қызметін атқара отырып, ақынға өткен күнге оралуға мүмкіндік береді. Ретроспекция санадағы елестердің, адам жадында сақталған ақпараттар мен көріністердің жаңғырығы іспеттес. Өткен шақта болған іс-әрекет пен көрініс санада қайта жаңғырып, дәл сол сәтте орын алып жатқан оқиғаға ұқсап, ақынға уақыт кеңістігінде кері бұрылуға, болған іске қайта қарауға жағдай туғызады. Осы өлеңде ақын ары қарай ойын былайша жалғайды:

Ол қара үйде әкем, апам, ағам және кәрі анам

Өмір сүріп жатады екен, бұрынғыдай... жаңадан...

Аттай алмай жүреді екем босағадан қиналып,

Қара итке айналады қолымдағы чемодан.. [9, 16 б.].

Келесі шумақтың да «ол» сілтеу есімдігімен жұмсалуды мәтіндер арасындағы байланысты, субстанциялық қызметті атқарып тұр. Кез келген мәтінде ретроспекция құбылысы орын алған тұста ол арнайы тілдік бірліктер арқылы немесе идеялық-мазмұндық мәні арқылы көрінеді. Ақынның келесі бір «утопиялық түс» өлеңінде де ретроспекция құбылысы байқалады. Өлеңнен үзінді келтірсек:

Түс көріп жатқам...

Сәлем айтып келіпті өткен шақтан.

Самал желмен қалықтап жеткен хаттар.

Жүр екен-ай жайылып боз көдеге

Тәңір көкпен түсірген ертегі аттар.

Бір қуантып шаһарлық тамам елді,

Ауыл жақтан күтпеген хабар келді.

Таңғажайып аққулар түннен құлап,

Мекен етіп алмақшы Аралды енді [9, 23 б.].

Мұнда ақын өткенге түс көру арқылы сапар шегеді. Бұл жердегі түс көруді, сонымен қатар, мифопоэтика тұрғысынан да қарастыра аламыз. Жадында сақталған естеліктер, ауыл тұрмысы көз алдына түс ретінде көрініп, өткен шақтағы көріністер қайда жаңғара түседі.

Ретроспекция мәтін ішінде жекелеген сөздер және өткен шақты білдіретін грамматикалық формалармен де беріле алады. Бұл өлеңде ретроспекция құбылысын «өткен шақ» тіркесі және -ған, -ген формалы өткен шақтағы есімшенің жұрнағы жүзеге асырып тұрғанын көруімізге болады. Бұл құбылыстың әдеби-мазмұндық жағына келер болсақ, оқырманға уақыт кемесінде кері жылжи отырып, кейбір жайттарға анық қарауға, дәлдеп бағалауға мүмкіндік туғызу міндетін арқалағанын көре аламыз. Өлең мәтінінің ретроспекциялық мәні, тұтастай алғанда, лирикалық шегініс түрінде айқындалады.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы ретроспекция құбылысына Е. Жүністің де шығармаларынан мысал келтіруге болады.

Ақынның «Жүрек маусымдары» өлеңінде:

Өткенде...

Өмірді бастарда,

Көктеуге ынтыққан өмірмен,

Көктемге ынтыққан көңілмен,

Тап келдім,

Тап келдім сенің мен,

Әлімнің,

Аспаның,

Жаныңа,

Көп келдім көктемгі бағыңа [10, 18 б.], -

деген жолдар кездеседі. Бұл өлең, негізінен, үш бөлімнен тұрады. Үш бөлім үш шақта (өткен, осы, келер) баяндалады. Яғни, мұнда ретроспекция құбылысымен қатар проспекция құ-

былысын да аңғаруға болады. Ақын өмірінің өткен кезеңіндегі есінде қалған ескі күндерді қайта жаңғырта отырып, мәтін түзеді. Сол арқылы өткенге оралып, еске түсіреді. Мұнда ретроспекция құбылысын арнайы тілдік бірліктер жүзеге асырып тұрғандығын көре аламыз. Үзіндінің алғашқы тармағында-ақ ақын «өткенде... өмірді бастарда» сөз қолданыстары арқылы оқиғаның осы шақта емес екендігін, өткен шаққа қатысты екендігін сездіреді.

Қорытынды. Сонымен, ретроспекция алдыңғы ақпаратты «қайта тірілту» арқылы авторлық позиция мен мәтіннің композициялық ұйымдасуын жүзеге асырады. Мәтін ішінде ретроспекция автордың мақсатына

сай түрлі тәсілдермен көріне алады. Олардың қатарына сөз не сөз тіркесін қайталау, ой қайталауы, сілтеме жасау, дейкис пен анафора, шақтық мәндегі тілдік құралдардың қатарластыра қолданылуы жатады. Ретроспекция амалы турасындағы зерттеулер әдебиеттану ғылымында оның көркемік амал-тәсіл ретіндегі көрінісін толықтай ашуды мақсат етеді. Сондай-ақ, ретроспекция құбылысы көркем мәтінде уақыт кеңістігін кері жылжытуға мүмкіндік беретін тәсіл болып саналады. Бұл амал-тәсіл шығармашы тұлғаның жады мен қиялына тікелей байланысты. Ол барлық әдеби жанрда кездесіп, шығармаға идеялық-көркемдік реңк қосуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. - Москва: Искусство, 1986. -445 с.
2. Тураева З.Я. Категория времени. Время грамматическое и время художественное (на материале английского языка). - Москва: Высшая школа, 1979. – 221 с.
3. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. Изд. 5-е, стереотипное. - Москва: КомКнига, 2007. – 144 с.
4. Брусенская Л.А., Гаврилова Г.Ф., Малычева Н.В. Учебный словарь лингвистических терминов. - Ростов на Дону: Феникс, 2005. – 256 с.
5. Гнусарькова Е.В. Ретроспекция как разновидность временного дисконтинуума. [Электрон. ресурс] – URL: <https://ipi1.ru/images/PDF/2017/115/retrospektsiya-kakraznovidnost.pdf> (Дата обращения: 09.01.2021)
6. Мағзұмов Б. Мәтін лингвистикасы. - Павлодар: Кереку, 2012. – 184 б.
7. Меркулова М. Ретроспекция: шекспировская модель ретроспекции в «Гамлете». [Электрон. ресурс] – URL: <http://www.world-shake.ru/ru/Encyclopaedia/3770.html> (Дата обращения: 09.01.2021)
8. Аймұхамбет Ж., Тұяқбаева Р. Әбіш Кекілбай прозасындағы реминисценциялық-ретроспекциялық тәсілдің кейіпкер болмысын танытудағы орны // Итоги науки в теории и практике 2019 // Сборник научных работ 58-й Международной научной конференции Евразийского научного объединения. - Москва: ЕНО, 2019. – С. 520.
9. Елгезек А. Шексіздік сыртындағы шам. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/043/0432b42a040659946955f9e30eceb8eb.pdf&ln=kz> (Қаралған күні: 09.01.2021)
10. Жүніс Е. Үміт жырлары. [Электрон. ресурс] – URL: <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/630/6304ea855db520474d6baecbacc6a1b8.pdf&ln=kz> (Қаралған күні: 09.01.2021)

A. Seitmurat, Zh.A. Aimukhambet

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Ways of displaying retrospection in the text

Abstract. The article describes the nature of the application of the method of retrospection in the text and ways of its manifestation. A review of research in literary studies, linguistics, related to the method of retrospection. The authors have considered the place, compositional and structural character of this artistic approach in the context. The article contains a review of the works of akyns. The authors have paid attention to the ways of transmitting retrospection in Kazakh poetry. The article analyzes the features of the transmission of the phenomenon of retrospection in the work of each writer. There is explained the concept of retrospection after analyzing the opinion of researchers. The authors have studied the place of the phenomenon of retrospection in science and literary. From the point of view of literary studies, there is carried out an analysis on different examples. There is clarified the role of the phenomenon of retrospection in Kazakh literature, including Kazakh poetry. It is shown that the phenomenon of retrospection, along with the artistic one, which the author conveys to the reader, has an aesthetic significance.

Keywords: text, retrospection, chronotope, deixis, anaphora.

А. Сеитмұрат, Ж.А. Аймұхамбет

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Способы проявления ретроспекции в тексте

Аннотация. В статье изложены характер применения метода ретроспекции в тексте и способы его проявления. Проведен обзор исследований в литературоведении, языкознании, касающихся метода ретроспекции. Рассматриваются место, композиционно-структурный характер данного художественного подхода в контексте. Также был проведен обзор произведений поэтов, уделено внимание путям передачи ретроспекции в казахской поэзии. Проанализированы особенности передачи феномена ретроспекции в творчестве каждого писателя. На основе анализа мнений исследователей дано объяснение понятия ретроспекции, определено место явления в науке и литературоведении в целом. С литературоведческой точки зрения проведен анализ на основе примеров, уточнена роль явления ретроспекции в казахской литературе, в том числе в казахской поэзии. Показано, что явление ретроспекции имеет не только художественное значение, которое автор раскрывает для читателя, но и эстетическое.

Ключевые слова: текст, ретроспекция, хронотоп, дейксис, анафора.

References

1. Bakhtin M.M. Estetika slovesnogo tvorchestva [Esthetics of verbal creativity] (Iskusstvo, Moscow, 1986, 445 p.). [in Russian]
2. Turaeva Z. Ya. Kategoriya vremeni. Vremya grammaticheskoe I vremya hudojstvennoe [Category of time. Grammatical time and artistic time] (High school, Moscow, 1979, 221 p.). [in Russian]
3. Galperin I.R. text kak obekt lingvisticheskogo issledovaniya. [Text as an object of linguistic research] (Komkniga, Moscow, 2007, 144 p.). [in Russian]
4. Brusensky L.A., Gavrilova G.F., Malysheva N.V. Uchebni slovar lingvisticheskikh terminov [Educational dictionary of linguistic terms] (Feniks, Rostov on don, 2005, 256 p.). [in Russian]
5. Gnusarkova E.V. Retrospekciya kak raznovidnost vremennogo diskontinuuma [Retrospective as a kind of temporary discontinuance] [Electronic resource]. Available at: <https://ipi1.ru/images/PDF/2017/115/retrospektsiya-kakraznovidnost.pdf> (Accessed: 09.01.2021). [in Russian]
6. Magzumov B. Matin lingvistikasy [Linguistics of the text] (Kereku, Pavlodar, 2012, 184 p.). [in Kazakh]
7. Merkulova M. Retrospekciya: shekspirovskaya model retrospekciï v «gamlete» [Retrospection: Shakespeare's model of retrospection in «hamlet»] [Electronic resource] Available at: <http://www.world-shake.ru/ru/Encyclopaedia/3770.html> (Accessed: 09.01.2021).
8. Aimukhambet Zh., Tuyakbayeva R. Abish Kekilbay prozasyndagy reminiscenciya-lyk-petrospekciya-lyk tasildyn keiypker bolmysyn tanytudagy orny [The Place of the reminiscence-retrospective approach in Abish Kekilbayev's prose in the manifestation of heroism], Itogi nauki v teorii I praktike 2019 [Results of science in theory and practice 2019], Sbornik nauchnyh rabot 58-I Mejdunarodnoi nauchnoi konferencii Evraziiskogo nauchnogo obedineniya [Collection of scientific papers of the 58th international scientific conference of the Eurasian Scientific Association] Moscow, 2019. – P. 520.
9. Yelkezek A. Sheksizdik syrtyndagy sham [Infinity outside the lamp] [Electronic resource] Available at: <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/043/0432b42a040659946955f9e30eceb8eb.pdf&ln=kz> (Accessed: 09.01.2021).
10. Zhunis Ye. Umit zhyrlary [Poems of hope] [Electronic resource] Available at: <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/630/6304ea855db520474d6baecbacc6a1b8.pdf&ln=kz> (Accessed: 09.01.2021).

Авторлар туралы мәлімет:

Сеитмұрат Айгерім – негізгі автор, Филология факультетінің магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Аймұхамбет Жанат – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Seitmurat Aigerim – The main author, Master's student of the Faculty of Philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Aimukhambet Zhanat – Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.



МРНТИ 16.31.61

Ш.К. Жаркынбекова, С.Т. Исина

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан
(E-mail: zharkyn.sh.k@gmail.com, saltanat_kaliyeva@mail.ru)

Прагмалингвистические особенности казахстанского туристического дискурса

Аннотация. В настоящей работе освещается концепция исследования туристического дискурса в рамках когнитивно-прагматического подхода, рассматриваются вопросы тактико-стратегической организации данного вида институционального дискурса. Как показал анализ лингвистических исследований, вопрос о типологическом статусе туристического дискурса является дискуссионным. Продемонстрирована связь между туристическим и рекламным дискурсами. Целью исследования является выявление основных коммуникативных стратегий и тактик туристического дискурса. На примере рекламных текстов о туристических местах в Казахстане выявлен ряд речевых стратегий и тактик, используемых для реализации основной цели такого типа дискурса – воздействия на адресат. Рассмотрена стратегия позитива и тактики ее реализации – честность и надежность, ссылка на авторитет, подмазывание аргумента, быстрота, шикарная жизнь, давление, выгодное предложение, фоновые знания адресата, обращение к чувствам.

Ключевые слова: дискурс, речевая деятельность, туристический дискурс, коммуникативные стратегии и тактики, туристический текст.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-134-1-58-69>

Түсті: 17.02.21 / Жарияланымға рұқсат етілді: 18.03.21

Введение. В условиях глобализации и развития международных связей сфера туризма является одной из наиболее развивающихся, динамичных секторов мировой экономики. Поездки в другие страны с той или иной целью (экскурсия, оздоровление, шоп-тур, спортивные соревнования, семейный отдых, паломничество, деловая встреча, образовательная программа) предполагают предоставление туристических услуг клиентам представителями данной области. Туризм сегодня – это довольно востребованное культурное, социально-экономическое и политическое явление, которое во многих странах превратилось в бурно развивающуюся индустрию. Человека

всегда будет интересовать что-то новое, интересное и неизведанное, поэтому туризм остается достаточно популярной на сегодняшний день областью, в которой человек возвращается. Ведь туристическая сфера не ограничивается предложением определенных услуг, она создает определенный социальный контекст, формируя тем самым соответствующий стиль жизни.

Казахстан имеет благоприятные природные условия, большое количество исторических и культурных достопримечательностей, все больше и больше привлекающих внимание туристов из разных стран мира. Бурное развитие туризма в стране за последние годы

стало стимулом для появления новых многовекторных исследований в этой области. Такое разноаспектное изучение туристической проблематики можно наблюдать и со стороны лингвистов. Ведь в этой коммуникативной сфере функционируют тексты самой разной стилиевой и жанровой принадлежности: рекламно-информационные сообщения, договоры и инструкции, экскурсии гидов, отзывы туристов и т. д. Интерес казахстанских лингвистов к данной теме объясняется как самой природой туристического дискурса, являющегося особой разновидностью речевой деятельности, существованием различных ситуаций, определяющих развитие и репрезентацию этого дискурса, так и специфичностью казахстанского контекста, обусловленного определенным набором ценностей, характерных для данного географического и ментального пространства.

Цель данной статьи заключается в выявлении коммуникативных стратегий и тактик казахстанского туристического дискурса.

Теоретико-методологическая база исследования. Теоретическую основу исследования составили труды известных зарубежных ученых Э. Бенвениста, Ю. Хабермаса, М. Фуко, Н. Ферклафа, Т.А. ван Дейка, Н.Д. Арутюновой, Е.С. Кубряковой, А.Н. Баранова, В.И. Карасика, В.Е. Чернявской, заложивших основы теории дискурса, а также работы лингвистов, занимавшихся изучением конкретных дискурсов, в том числе туристического: Л.Е. Бахваловой, О.К. Ирисхановой, О.С. Иссерс, Е.В. Мошняги, С.А. Погодаевой, О.Г. Ревзиной, Ю.В. Слезко, Л.П. Тарнаевой, Н.А. Тюленевой, Н.В. Филатовой и других.

Термин «дискурс» стал активно использоваться в лингвистике в последние двадцать лет. В 60-х годах прошлого столетия представители французской школы (Э. Бенвенист, П. Шародо, М. Пёше и др.) одними из первых выделили французское слово «discours» как самостоятельный термин, определив его как индивидуальную речь говорящего [1, 139 стр.].

Как показал обзор исследований, посвященных проблеме дискурса, для теорий дискурса не существует дисциплинарных рамок.

Методологическая база исследований дискурса носит принципиально междисциплинарный характер и представляет интерес с позиций философии, социологии, семиотики, этнологии, антропологии, психологии, филологии и др. Предметная же область существующих на сегодня теоретических подходов открыта для дальнейшего расширения.

Школа известного нидерландского ученого-лингвиста Т.А. ван Дейка, одного из основателей теории речевых актов и анализа дискурса, развивает когнитивно-прагматический подход в понимании дискурса. Как утверждает ученый, в широком смысле, дискурс – это «комплексное коммуникативное событие», в узком – «текст», «разговор», «вербальный продукт» процесса общения [2].

Н.Д. Арутюнова определяет дискурс как «связный текст в совокупности с экстралингвистическими – прагматическими, социокультурными, психологическими и другими факторами; текст, взятый в событийном аспекте; речь, рассматриваемая как целенаправленное социальное действие, как компонент, участвующий во взаимодействии людей и механизмах их сознания (когнитивных процессах)» [3, 137 с.]. Схожее определение дается многими современными исследователями. К примеру, В.Н. Бабаян и С.Л. Круглова предлагают следующее определение: «дискурс – это связный текст, сопряженный речевой ситуацией; целостная коммуникативная (речевая) единица, устный или письменный вид текста (речевое произведение), обращенный к слушателю/читателю; монолог – диалог; адресованное сообщение; семантически связанная последовательность предложений-высказываний (реплик)» [4]. Такой подход лег в основу самого широкого – прагматического – направления в исследовании дискурса.

Во вступительной статье к труду Т.А. ван Дейка «Язык. Познание. Коммуникация» Ю.Н. Караулов и В.В. Петров акцентируют внимание на присутствии экстралингвистических факторов (знания о мире, мнения, установки, цели адресата), необходимых для понимания текста [5, с. 8].

Как видим, существенным для понимания

дискурса является наличие экстралингвистических, прагматических, социокультурных, психологических и других факторов для формирования и функционирования текста.

